Жаудың кешегі шабуылы тым жойқын еді. Алдымен андыздай қаптаған ұшақтары кеңес армиясының қытығына тиейік деді ме, әлде бас көтертпей тәсілін қайтарып тастауды мұрат етті ме, әуеден үсті-үстіне бомбаларын екілене төкті. Тебеден төлеген тажалдары саябырлай бергенде қаракурымдай құжынаған танктерін өңмендепті. Артынан ілескен жаяу өскерлері тағы жыртылып айырылады. Бірақ та қарсы төтеп беруге қапысыз қамданған екінші Белорус майданының сапындағы 222-ші Смоленск атқыштар дивизиясы қаскей фашистердің құтырынған желігін көпке үзатпай басты. Қым-куыт ұрыстың соны екпіндеп келген жауға тойтарыс тұмылдырығын кигізумен аяқталды. Құрамына барлауши Шүкір Еркінов кіретін 43-ші жеке өздігінен жүретін танкіге қарсы артиллериялық жойғыш дивизионның жауынгерлері сол бір алапат шайқастан соң тыным алып, үстеріндегі кімдерінің жыртықтарын жамап, үзілген ілгектерін қайта қадап, автомат, винтовкаларының ұнғыларын сұрткілеп, өздерін ретке келтіріп жатқан. Күн сәскеге иек артқан мезгілде қасына өзінің саяси жұмыстар жөніндегі орынбасары Коноваловты ертіп дивизон командирі Чернокосов келе қaldы. Майор бүгін аса көнілді, екі қолын сермел, өнгіме айтып, жаңындағы серігін күлдіріп қояды. Ара-тұра аялдан, жауынгерлердің жәй-жapsарларын сұрап, оларды өзге майдандағылардың соғыс қимылдары жайлы қысқаша деректермен хабардар етеді. Оқта-текте бастығының сезін капитан Коновалов жаңа мәліметтермен толықтырып жібереді. Орынбасарының өзімен жағаласа білік таластырганына Чернокосов әлде кімдердей шамданған түр байқатпады. Қайта басын изеп, құптағандық нышан танытты.

Майор акқұба өніне теп-тегіс жазира даладай жазық маңдайы, мойылдай қара көзі, тымпиған әдеміше мұрыны үйлесім тапқан қазақ жігітінің тұсына келгенде тағы іркілді. Шүкір гимнастеркасының ишқ белгісін бекітіп, тігіп жатқан. Оның инені етті ұстасына, шапшаңдығына төнті болып, басын шайқап, жанарын тоқтатып тұрды да:

-Қалайсың, сержант! Қолың қолыңа жүқпай зып-зып етеді ғой, өзіңнің,- деп екі туып, бір қалғаныңдай жұмсақ сейлеп -

Чернокосов қасына жақындағанда Шүкір отырған жерінен ырып тұрып, ескери тәртіппен тік тартыла қалып еді, дивизион командирі жылы шыраймен:

-Еркін тұр! Қай жақтан едің?- деп сұрады.

-Қазакстандықпның, жолдас майор. Гурьев облысында Қызылқоға дейтін аудан бар. Сол жерде Тайсойған, Бүйрек дейтін егіз күмнің аралығында туып-ескенмін,- деп сержант нақ па нақ жауап қайтарды. Ашық дауысы саңқ-саңқ еткенде тау қыранының занғар кектен жеткен айбарлы үні сияқтанып кетті.

-Аты-жөнің кім болады, сонда?

-Сержант Шүкір Еркіновпін, жолдас майор.

-Алдыңғы күні жау ескерінің құрамы, қару-жарагы жөнінде құнды мәліметтер жеткізген осы сержант басқарған топ,- деп қости рота командирі Мойсеев.

-Барлаушы Еркінов сенбісің?! Түсінікті... - деп командир алдындағы ежет өреннің сымдай тартылған сұңғақ бойлы сұлу денесін жанарымен түгел жанап етті, -Жарадың! Ерліктерің туралы естігеммін. Қазақ қыздарының сүйген жарларына сыйлаған қол орамалдарына өрнектеген кестелерін көріп, шеберліктеріне қайран қалатынын. Ұландары да осал болмай шықты!- бл Шүкірдің иығына қолын салып, жанарынан шуақ есіп, жымың қақты,- Ісінді жалғастыра бер.

Чернокосов жаңына шоғырланып қалған офицерлерге кешегі үұрыс даласын нұскап:

-Сіра, мынаның дені артиллеристердің қолтаңбалары болар,- деп қыр арқасынан алақандағыдай көрініп жатқан ойпаңды алқапта кек түтінге оранып, влі бықсып жаңып жатқан неміс танкілерінің қаңқаларын тамашалады.

Бір-екі офицер Чернокосовтың артиллеристерді бөлекten алып мақтағанын ұнатпай бірдеме дегісі келгендей қипаңдады. Бірақ батылдары жетпей тұрганда:

-Жаяу ескер қатарындағы туыстардың да улесі шаш-етектен ғой, жолдас майор, -деп бөлімше командирі, лейтенант Олейник қызыраң қақты.

Дивизион командирінің жүзіне күлкі үйірілді.

-Өрине, ерине! - деп лейтенантты қолтықтай ілгері жүрді - Женіс барлық саланың сүттей үйыған бір үйдің жандарындағы бірлесе қымылдауларының нәтижесінде келгендігіне қуәміз. Жаяу ескерлердің ролін тәмендетіп тұрган кім бар? Дегенмен, шындығын айтсақ қайтеді, кеше артиллеристердің нысанага алғандары мұлт кетпеді-ау, осы?!

Шүкірдің құлағына майордың сампылдаған сездері жағымды құйылып жатты. Өзіне өзгеден бөтен ықылас қойып, әңгімелескеннің қайтарымы ма, айтеуір, күнде көріп жүрген дивизион командирін қазір көдімгі туысында жақын тартып Қалғаның үқты.

Сез жок, құрсанып келген құзғын фашистермен айқаста кеше ірі жеңіске жеттік. Тықсырып, кері шегіндірдік. Берінді осы тамаша жеңістерінмен құттықтаймын. Тұні бойы окоп қазып, бекініс жасап жәнді тынықлаған болар, барлығын сапқа тұрғызып дүрліктірмейін. Осы құттықтауымды бөлімшелерінің өр жауынгері еститін болсын,- деп мұдіріп қалды да кішкенеден соң қозы көш қашықтықта кесіліп жатқан елді мекенге көгілдір көзін тікті,- Алда жаумен кешегіден де бетер беттесу күтіп тұр. Іргеміздегі мына кентті немістерден атой сала тартып алып, сол екпінмен Проня өзенінен көктей етіп, оларды келген жағына қарай алды-артына қаратпай күп тастауга тиістіміз. Түсінікті ме?

Чернокосовтың қабагындағы жаңағы жадыраңқылықтан жұқана да қалмаған, қатулы жұзбен қасындағыларға қарап еді, олар:

-Дөл солай, жолдас майор. Бәрі түсінікті,- деп жамырасты.

Дивизион командирі үзап кеткеннен кейін манадан бері ез-ездерінен қыстығып, қысылып отыргандар бойларын жазып, темекілерін тартып, үзілген анекдоттарын жалғастырып, қарқылдаса күлісті. Бір бөлек жауынгерлер қайтадан негізгі және қосымша ату позицияларын жабдықтауға кіресті.

Жан беріп, жан алысқан үрстап соң осындағы жаңағындағы жігіттердің тағы бір машығы - елге, үй-іштеріне, қыз-Қырқынға хат жазу үшін қағаз, қаламға жармасуы. Бүгін Шүкір тес қалтасындағы ауылдан келген сәлем хаттарды қайтара оқып, қиял-қусын тұған жер тесіне үшірып алды. Анасы Рахиманың жайнақ қаққан жүзі тұрды көз алдында, кемейден сыңғыр қаға ақтарылатын әсем өндөрі келді құлаққа. Інілері Ескендір мен Орынбасардың ерке қылықтарын, Ресей топырағында жұмысшылар батальонында қызмет етіп жүрген өкесі Еркіннің қайсар мінезін сағынышпен ой елегінен еткізіп шықты. Қойын дәптерінен тауып алып соғыстың бастапқы тұсында Сисенниң Құсжаны жазған хаттағы елең жолдарына тағы зер тастады. Неткен рух! Отанға деген неткен сүйіспеншілік! Еніреген ер екен-ау, өзі!

Сұлу бар қынап белін буған қатты,

Бал тамған тілдерінен сондай тәтті.

Зат болса базардағы сататұғын,

Дейтұғын маған сатышы, маған сатышы.

Бәріне қарамастан көзім жұмдым,

Теүекел бұл шыным деп белді будым.

Не үшін, Отан үшін келдім мұнда,

Несіне іркілейін ондай "сүмның", - деп бір қайырып алады Құсекең. Шіркін, атпал азамат-ай, сұлу қызыды, құмары қанып үлгермеген қызықты бір ұрып, өзі сұранып ел қорғауға аттаныпты Гой. Өлеңнің ілкі екі шумағында осыны өрнектепті-

ау, есіл ер. Әрі қарай:

Шын сертім қолға мықты қару алу,
Дүшпанның қарсы тұрган басын шабу.

Тілегін ел-халықтың шын орындан,

Құрбымен кош-сау десін елге бару, - деп ақынжанды жүрегі түпкі арман-мұддесін ақтарыла жеткізген емес пе? Сейткен қайран Құсекен Одер өзені жиегінде неміс мергендерінің қарауылына іліріп, опат болған деседі. Шүкірдің ағаға деген аяныш сезімі кеудесінен терең күрсініс болып сыртқа тепті.

Соғыстың үшінші жылындағы жаздың бірінші айының табигаты жауынгерлерді демеп, қолдағандай жаңға жайлышиді. Маусым түні мәқпалдай мамыражай күйге енді. Самал желі қойны-қонышынды кезе өбіп, рахатқа батырды. Шүкір бұл түні жайлау жатқанмен, ертесіне елгезектеніп елең-алаңда тұрды. Беті-қолын шала-шарпы жуып азар үлгерді, командирдің өктем бүйрығымен үйқыдан дүркірей оянған көптің маңдай алдында шабуылға көтерілді. Арттан "Катюша" безіл қақты. Артиллеристер мен минометшілер атқан оқтар сар даланы құнірентіп барып, кент қапталындағы дүшпан шебіне бүрк-бүрк түсіп жатыр. Немістер де қырды ендей иемденген қарсыластарынан жақсылық күтіп жатпай, тас түйін отырган тәрізді, қарыздар болып қалыспай снарядтарын деп бағыттап, бірден жауп қайтарып кетті. Шүкір құйындағы ұшып-ақ келеді. Қолқаны қапқан кек түтінге тап болғаны сол еді, жаңында автоматтарынан оқты қардай жаудырып, дедектей алға үмтүлған екі бірдей қаруласы жер құшты. Жаудың бекініс орнына таяқ тастам жер қалғанда сол жағында келе жатқан көңіл тату жолдасы, татар жігіті Міртемір Желеловтың екпеттей қулағаның анғарды. Оны атқан немісті де көзі шалып үлгерді. Міртемірге бұрыларға мұрша қайдан болсын, Шүкір кіжініп:

-Ох, фриц! Оңбаған ит! Қап, бөлем!- деп үстіне жолбарысша қарғыды. Қарсыласы автоматын бұрып үлгере алмады, Шүкір кез ілеспес шашаңдықпен мылтығының наизасын өлгінің өкпе тұсынан қорқ еткізіп сұқты. Қылжия бастаған елі денениң ар жақ қатарындағы екі неміс ашық айқасқа үмтүлді. Жетел Қысқан тапалтақ байғұс састы ма, қарсы әрекет етуге шамасы жетпей, іле зде Еркіновтің қуатты қолының қармағына ілігіп қалды да тоңқалаң асты.

-Мә, саған, мынау Міртемір үшін! – деп оны жауырынынан кірш түйреді де бұзау тұмсық етікпен кіндіктен тәмен арадан тепкенде есөңгірей жығылған еңгезердей үшінші немістің кеудесінде қоянға түскен бүркітше шүйліге бүре қонғанда неткен қайратты малғұн еді, ес жиып үлгеріп Шүкірді қос қолымен кері серпе лақтырды. Айналымға келмейтін тар окоптың іші опыр-топыр жағаластан кек ала шаң. Екеуінің де қарулары қолдарынан түсіп қалған. Жарға сүйеніп орнынан ырги тұрган Шүкірдің миына "Мынаны "тіл" үшін қалай да

тірілей ұстаусын керек. Мүмкін берер күнды мәліметі бар шығар" деген барлаушыға тән ой үялады. Өгіздей өңкірдің қайта тарпа бас салған неміс қапелімде берілер пендеге емес, жемтігін көрген құзғындай ыс-пыс етеді. Шүкір өзінен күші басым оны білек қуатымен тойтара алмайтынын білді. Не де болса айла-шарғыны салып бағар, нағыз қас қақпай ширак қимыл көрсетер жан алқымға тақалған мезет туды. Сөл босбелбеулік танытып, аянсаң болды, бұ Фәнимен қош айттыстым дей бергейсің. Бала кезінде Саралжын, Сұлықел, Қамыскел мектептерінде оқып жүргенінде сусылдаған ақ құмның үстінде өз қатарларымен ертеңнен қара кешке дейін белдесіп, талайының жауырының жер ііскетіп "палуан бала" атанған еді-ау. Сол күрес өнерін есейгенде де тастай қоймапты. Сөтін салса қазір оның пайдасын көріп, әдістесілдерін мына көззапқа қарсы қолданып көрмекші. Шаппашап ұстасқан екеу тағы да окоп ішінің ала топалаңын шығарды. Неміс жауынгері реті келсе Шүкірді жарға жapsыра үрғысы, болмаса өңештен алып тұншықтырғысы келеді-ақ. Тек Еркіновтің үршықша үйірілген шапшандығы діңкесін құртып жүр. Оңтайы келді-ау дегенде оң жамбасқа салып жіберіп, қазақша шот шалып қалғанда мықтымынған фашист тыраң етіп, омақаса құлады. Желкесін қатты бірденеге соққандай алақанымен ұстап ауырсынды. Шүкір қол қырымен оның сорайған мойнының білеуленген күре тамырынан талдыра үрды да есінен танып жатқан тұтқынның шалбарының белбеуін сұрып алып, екі қолын артына қайырып, күрмел байлап тастады.

Алқынған жүректі басып, қабанның жатағындағы қорыс болып жатқан арадан автоматын әрен тауып алған сержант штабқа немісті винтовкасымен қоса апарайын деп қаруын іздеп еді, онысын бас жағынан талтты. Жаңа бетпе-беттің ақтығында кек желкесіне тиіп, фрицті қан-қақсатқан сол жастана құлаған мылтығы болды. Сержанттың жұлқылай көтергенінен соң сандырықтай тұрган немістен әлгі адудын мінез жойылған. Жуасып тырп етерге күйі жок, дивизионның басқару нұктесіне жеткенше Шүкірдің алдында күрдай жорғалады.

Чернокосов сержант апарған "тілден" сұрытпақтап мәлімет алып отырып:

-Мынау бір алапат дүлей гой. Қалай қолға түсірген?- деп таңданды. Мен-жайға қаныққан дивизион командирі тәнірекіндегілермен ақылдаса келіп, сержант Шүкір Еркіновтің ерен ерлігі Үшінші дәрежелі жауынгерлік "Даңқ" орденіне ұсынуға лайықты деген үйғарымға келді. Бұл батыр барлаушы наградаларының басы ғана еді...

...Алыстан оқтын-оқтын атылған зенбіректің талмаусырап жеткен дыбысынан, жақын маңдағы құрбақаның дамылсыз құрқылдауынан бөтен ештеңе құлакқа шалынбайды. Орман ішін бүгін мұлгіген үнсіздік түмшалап алған. Түндігі өлі түрілмеген түнгі өлем тынысты кеңейтіп, кешегі өлердей шаршатқан сабылыстың ізін қеудеден аластап, өшіріп жібергендей. Таң атуы қашық емес. Шүкір отқа оранған қара жердің күйкасы шықкан құлді ісін, өксіп жатқан жабырқау кейіпін бір мезет естен шығарып, таласа өскен қарағайлар мен қайыңдардан аңқыган жұларды құшырлана жұтты. "Ай-хай, шіркін, дүние-ай!,- деп ойқанды ол сол жақ бүйіріне аударылып түсіп,- Рахат емес пе? Осынау ғажайып бұйығы тіршіліктің шырқы сонша неге бұзылды? Осыған кімдер кінәлі? Басқаны былай қойғанда екі аяқты пенделердің бір-біріне жау болып тиісуі неліктен? Қарғыс атқан қу соғыс қашан аяқталады?! Санада тізбектелген сауалдар үсті-устіне бастырмалатып, шілінгір шілдедегі жұлдыздардай самсап кетті. Жауап іздеп, тәңбекши бастағанда аяқ дыбысы білінді. Рота командирі Виталий Воронов еппен басып, жауынгерлерді аралап, іріктел оятып келеді. Үсті-бастарын түзеп, қағынып-сілкініп жатқандар әр түстен андыздай қараңдады.

-Ә, сержант Шүкір Еркінов даланың үйқысыз көкжалысың-ау! Кез шырымын алдың ба өзің? -деп ол Шүкірді сыйырлай арқасынан қақты.

-Дәл солай, жолдас капитан! Мынадай мәлдір ауалы жерде жатқан кісінің үйқысы қанбайтын ба еді?!- деп жайдарлана күліп, атып турған Шүкір тік тартылып, қолын шекесіне апарып, ізет көрсетті.

-Сен өзің өзеннің, судың сырын билетін жігіт пе едің? -деп сұрады командир. Білдірмейін десе де дауысынан өлдекалай қобалжу табы сезіліп түр.

-Бесіктен белім шыққалы Ойыл өзеніне шомылып, ала жаздай айдынына жағалық ойнап, үйрекше сұңғіп өскен жанмын,- деп мақтанышпен жауап катты да, кішкене кідіріп барып, таңданыспен қарсы сұрақ койды: -Жолдас капитан, айып болмаса, оны неге сұрағаныңызды білсем еken?

-Керегі болып түр гой,- деді командирге төн өдettегі қатыл үнін жұмсартып,- Ол өзі қандай өзен? Ағысы күшті ме?

-Күшті. Біздің ел оған Ерке Ойыл деген атау берген. Бірақ көктемде тасығанда еркелікті қойып бүкіл Тайсойған, Бүйрек еңірлерін аяқтарынан тік тұргызады, адуын-ақ.

Айтарын айтып қалғанымен Шүкір "бул орыс Тайсойған, Бүйректі қайдан білсін" деп ойлап, езу тартты. Қараңғыда оны Воронов байқамағаны анық.

-Жарайды! Тусінікті,- деп алды да, назарын қасына жиналған жауынгерлерге бұрды.- Қазір сіздер тан қараңғысымен

қарсыластарыңа сездірмей Днепрден өтуге тиіссіндер. Тапсырма аса жауапты, салмақты өрі қатерлі. Өзеннің ағы бетіне шығып, қалай да автоматттан оқ шыгаруларын керек. Жаудың зере-құты қашып, орыстар қайдан келіп қалды деп ере тұра келетіндегі әбігерге салындар. Одан кейінгі қымылдың жалгасын бергі беттегі қаруластарыңан күтіндер, үғынықты ма? Сержант Шүкір Еркінов өзеннің күпиясын өжептауір біледі екенсің, суға алғашқы болып сенің қайығың туседі.

Әлгі сұрақтың қойылу мәнісін түсінбей бас қатырған Шүкір оның түп-тәркінің қайдан өрбігенін енді пайымдады. Тұла бойы шымыр етті. Әйтсе де шапшаң өзіне-өзі келіп:

-Күп болады, жолдас капитан!- деп саңқ етті.

-Ақырын, сержант, - деп зекіріп қалды Воронов, - Немене, фашистер естісін дегенің бе, абай болмайсың ба?

-Жок, олай емес. Айыптымын, - деді Еркінов дауысын басең тартқызып.

-Ал жақсы, іске сөт! Тапсырманы орындауга кірісіндер!- деп рота командирі өзен жақты қолымен нұсқады.

Жаңына белімшениң төрт жауынгерін еріткен Шүкір жапырақпен бүркеулі жатқан қайықтың бірін көтеріп, ширақ басып, өзенге қарай беттеді. Жиырма шақты қадам жүргеннен соң ну орманнан бастарын шыгарған олар алыстан анда-санда осқылап ететін проектордың шақла жарығының көзіне ілігіп қалмайық деп жықыл-жықылмен бүқлақтап, Днепрдің кемеріне жетіп бір кідріді. Көнігі барлаушы атанған Шүкір Еркінов кеше кешкісін келіп, ымырт үйірілгенше өзен арнасына түсер тұстардың жай-жапсарын барынша мүкіяттап барлап, өскери белімшеге оралған соң сызып қағазға түсіріп, басшыларына тәптіштей баяндал берген еді. Сол жерлерден бүйіртса, бүгін өзінің өтуіне тұра келіп тұр. Жел қуалап жеткізген жал-жал толқындар жағаға шылп-шылп үрады. Тұтасқан қою бүлт өзен аңғарын қошқылдандырып жіберген. Түнеріп түнжыраған сиқы тым сұсты. Көз Қанықтырғанда барып су бетінің бедері болар-болмас жылтырап жанарага шалынды. Әрідегі Днепрдің келесі батыс жақ жиегі жеткізбес қиян сықылды, қап-қара бір меніреу тылсым. Бар пәле сол көрдей қараңы тылсымының қойынында қонақтап жатыр. Сөтін салса кенестік жігіттер қазір тұртіп оятпақшы.

Шүкірлер қайықты жаңа тік көтеріп, жардан түсуге ыңғайланған бергенде жау проекторы ойқастап су бетін тағы бір тінткілеп шықты. Әбүйір болғанда, бұға қалған бесеу шакырайған қырықтың жүріп еткен жолынан тыс қалды.

-Жігіттер, тездетеік!- деді Шүкір тәңкерулі қайықтың алдыңғы ернеуін көтеріп жатып, -Әлгі бір көргіш шайтаны қайта тірілгенше ағы бетке жетіп алайық!

Қысылшаң шақта бірін-бірі ымдарынан үғыныскан топ қайықтың табаны суға жақсан бойда қарғып мінді де, ескекке

Мұсілім Әлиев ие болып, құтырта есе жөнелді. Каспий теңізінің жағалауында өскен азербайжан жігіт елгезек, сөзшен, ісіне тиянақты, берілген тапсырманы мінсіз орындаудың танылған қатардагы жауынгер. Бір айыбы - үйқыға дегендे әлсіз, құйрығы жер ііскесе болды есінеп, манаурай бастайды. Қайықтың артындағы екеу - псковтық Андрей Белоглазов пән саратовтық Иван Кузнецов белімшеге тыңдан қосылған, әлі сырларына бойлап қанықлаған түйіктау жігіттер. Бірак өздері қайсар мінезді ме, қалай? Ал Шүкірдің өз жаңында алда отырган қазақстандық орыс Геннадий Карнаухов оңаша қалғанда іш тартып, шатып-бұтып қазақша сыйлеуге құмар нағыз ақ кеніл, қажет десен киіп журген жалғыз кейлелгін шешіп беруден тайынбайтын бір мың болғыр. Шүкір талай рет барлауга бірге аттанып ептілігіне, батылдылығына сүйсінген. Онымен бірге шыққанда дүшпанның құпияларын ақтаратын тірілей "тіл" өкеліп, маңызды деректер жинап, табысты оралатын, жолы болғыш жан. Міне, бүгін де Геннадиймен қатар иық түйістіріп жеті түнде жау жатағына қарай қаптаған аждаһаға тұра жүзіп келеді. Артта өздеріне жалғас тағы бірнеше қайық суга түсірілген секілді. Өзен үстінде қараң-қураң кебейіп, ескектің шылпылдары молайды.

Алдыңғы сержант Еркінов бастағандар Днепрдің ортасынан асатын кез баяғыда болды. Белгіленген нысана – батыс жағалау шығандап, қайда қашып кеткен? Мұсілім жанұшыра есіп, кішкене қайықпен қарасүр өзенде кесе көлденең қақ айырып, зырлап келе жатқанмен шеті тілті көрінер емес. Жаңа Шүкір капитанға сонау қырыдағы туған жер төсіндегі Ойыл өзені туралы лепіре мақтанип еді-ау. Ол жарықтың қанша кетермелегенмен мынау Днепрдің енімен салыстырғанда шүлдік екен гой. Жо-жоқ, неге шүлдік? Әркімнің кіндік қанша тамған жері өзіне мысыр шаһары! Ойылын он Днепрге айырбастай алар ма, сіра?! Аман-есен елге жетіп, сұнына оқсатып бір шомылар дәурен туса, шіркін! Шүкірдің кезге тұртсे көргісіз түн қойнауын шарықтап кеткен қиялын неміс прожекторының соулесі кілт үзді. Өзен жағасын кезген қыдырма жарық кеңес өскерлері орналасқан шығыс беттен қарсы жаққа бағытталған қайықтың біріне барып дәл қадала шаншылды. Одан кейін Днепрдің орта тұсына жетіп үлгерген екіншісіне, үшіншісіне шүйілді. Шүкір өз қайығының үстін сипай өткен жарықтың көмегімен он шақты құлаштайтындағы қашықтыға жағының сұлбасын аңғарды. Немістердің бекінісінен құлақ жаратын азы дабыл қағылды. Іле-шала снарядтар безілдеді. Өзен бетінің ойран-ботқасы шықты. Соңдарындағы бір қайықтың қопарыла кекке үшқаның байқаған Шүкір:

-Мұсілім, шапшаң ес! Жағаға жетіп қалдық, тез!- деп бүйира дігірледі. Автоматты қарына ілді де келіп бір ескекке өрмелей

жармасты.

-Шаршаудан саумын. Өзім-ақ есейін, сендер жағаға секіруге дайындалыңдар,- деп Мұсілім сержанттың құлағына өңештей айқай салды. Ант атқыр, фашистер төңіректерін өбден төпелеуді күшетті. Жиекке енді түяқ іліктіреміз бе деп дәмеленіп, мылтықтарын мұғымдай ұстап, қарғуга ыңғайлана бергенде қақ тұмсық тұсынан снаряд келіп түсіп, киімдерін малмандағы етіп, қайық ішіне лекіте су құйды. Жарылыс толқыны бұларды теңсөлте кері шегіндіріп тастады. Әттең-ай!

-Қайыққа су толды!

-Котелокпен төгейік!

-Абдырамайық!

Андрей мен Иван бір-біріне қуат беріп қойып, суды ыдыстарымен кесе тегу үстінде. Геннадий қос уыспен кірісken. Шүкірдің қолы қолына жұқпайды, бұрқытып жатыр. Мұсілім ескекті бар перменімен ілгері ести.

-Жігіттер! -деді Еркінов салмақтаны,- Үрейге ерік бермейік. Жағаға жетпей тынбаймыз! Міне, таяу...

Ықсыра жеткен снаряд бүл жолы қайықтың алдыңғы тұмсығын суға енкейте тығып алды да өуелете лақтырды.

-Уа, құдай! Сақтай гер!

Екі аяғы кекке қарап қалықтай үшқан Шүкірдің қысылшанда тіліне үйірілгені осы еді. Мылтығын сыйымдай ұстаган қолы қарысып қалған. Жоғарылап барып, қайта құлап, бірденеге соғылғанын еміс-еміс біледі. Әр жағы бұлығыр. Қанша жатқаны беймалім, есін жинағанда жағада екенін үғынды, ойна бірден рота командирінің шегелей айтқан тапсырмасы түсті. Аруақ қолдаған шығар автоматы жоғалмапт. Денесі зілдей, көтертпейді, жорғалап жарға зорға жақыннады. Қарысқан қолын жазып оқты төгіп-төгіп жіберді, төрт-бес домалап барып, бетен орыннан тағы боратты. Келесі бір тұстан Шүкірге ілесе екінші біреу автоматын сейледті. Алакай! Сержанттың қуанышы қойнына сыймады. Жау жақтағылар қауқылдасып, ызы-қиқы болып, өзенге қарай тұс-тұстан өршелене оқ жаудырып жатыр. Бір мезетте сақылдатып пулеметтерін іске қости. Қенес әскерлерінің де күткені осы екен, фашистердің бет қаратпай тұрган пулемет үларының орналасу нүктелерін біліп алғаннан кейін, зенбірек, минометтерімен төпелеуді бастап келіп жіберді. Зыңылдаған дауыстарынан құлақ тұнады. Артиллериялық соққыға жалғаса өзен беті қайықтарға қантап кетті. Днепрден жаппай өтуге жағдай туды. Қиян-кескі үрстың ара салмағы қенес әскерлеріне қарай ауғандай. Жалпақ өзеннен аман етіп, алға шабуылдаушылардың уралаған үндері, бозарып атып келе жатқан таң шапағы Шүкірдің жүргегіне шаттық үяллатты. Отырган орнынан сүйретіле тұрып, көпке қосылу үшін жарға

өрмелей бергенде Геннадийді көзі шалып қалды. Үсті-басы қан-қан, ақсаңдай басып келеді.

-Достым, Геннадий тірімісің?- деп Шүкір оған құшағын жая қарсы жүгірді.

-Көріп тұрсың гой, тірімін,- деп ол да ыржалаң қакты,- Өзің қалайсың? Жараланғансың ба? Басқаларымыз қайда?

Сержант иығын қиқаң еткізіп "білмеймін" дегендей тәңірегіне қарады. Содан кейін көптен жоғалысып, қайта табыскандай беттерінен сүйісіп, арқаларынан қағысып, мез болысты.

-Жарайсың, достым! Әйтеуір, тапсырманы орындаңдақ-ау!
-деп Шүкір қабысқан құшакты жазды.

Өзен аңғары өлі аласалыран...

...Төрт жылға созылған соғыс титықтатқанмен кеңес жауынгерлері жеңістің ауылы жақындағының сезіп көнілді. Кектемнің екінші айының алғашқы күндері жаймашуақтанып, балбырап түр. Барлаушы Шүкір Еркінов қасында екі серірі бар Күшков деревнясында табан тіреген неміс өскерлері жайлы мәлімет жинап қайтуға келеді. Темендері деревня қырқа үстінен сырттан бақылағанда мұлгіген тыныштық құшағына оранған. Мұнда қалың қолды дүшпан түгіл ел жоқ па деген өсерде қалуға болады. Үрген ит дыбысы да естілмейді. Тек бірен-саран үйлердің терезелерінен біlte шамның болмашы сөулелері жылтырайды. Соған қарап деревняда тірлік барына өзінді иландырасың. Әлде кеңес өскерлері тарапынан болмай қоймайтын шабуылды күткен тұргындар оқтап бас сауғалап, тығылатын жер іздел босып кетті ме екен? Әйтеуір, бір тусініксіз тыныштық.

Уш барлаушы деревня іргесіне жетіп, кеше-кешені көзбен шола келіп, ортадагы еңселі үйге назар тоқтатты.

-Мынау сірә, бір мекеменің кеңессі болуы тиіс,- деді аға сержант Шүкір Еркінов қасындағыларға, -Терезелерін кердіңдер ме? Шамдары жарқырап түр. Білесіңдер ме, немістердің осы тұста қандай мейрамдары бар еді? Тойлап жатқан болар.

-Ит біле ме оны, -деп Владимир Викулов алдындағы деревняға шүқшия қарауын жалғастырды.

Шүкір ойланып барып:

-Былай істейік. Сендер осы арадан тыптыр етпей күтіп, аңдысын аңдыңдар. Үшеуміз бірдей барсақ кезге түсіп қалармыз. Нар төуекел, жалғыз өзім барып байқайын. Ыңгайы келсе бірен-сараның бектеріп қайтармын. Реті сокласа оны да көрермін,- деген тоқтамын айтты. Серіктері бас изесті де қала берді.

Деревняның ортасына қарай бүқпақтап, бірде бауырымен жоргалап келе жатқан Шүкір өлгі белгілеп алған кеңессіне таянғанда тасадан тығылып тұрып тың тыңдады. Іштегілер немісшे дабыр-дұбыр сейлесіп отыр, қарқылдай күліседі. Ара-

тура өжектесіп қалысады. Үңышлап ән салады. Біреуінің тілі бұралып кеткен, сур мас.

"Мениң де күткенім осы ғой. Жақсы болды. Сөті түсті" деп түйді Шүкір. Енді ішке қалай бас сұғарын білмей дағдарды. Терезеден бе? Қауіпті. Кіріп-шығып жүргендерінен аңғарғаны есік бекітулі емес. Не де болса есіктен кіруге бекінді. Мысықша басып, оған таман таялды. Сол қолына граната, оң қолына автоматының кезене ұстаған күйі есікті серпі ашып, ішке арыстанша атылып кіріп:

-Ханде хок,- деп бүйірды.

Жайбаракат отырган немістердің кездері атыздай болып не істерлерін білмей састы. Бұрылайын десе қарсыласының қолындағы теніп тұрган ажал қаруынан қорқады. Мылтықтарының бәрі кіреберісте жинаулы. Маузері бар офицерге қарай автоматының аузын бұрып еді, ол шіркінде ес қалмады. Басын изеп, тік тартылды. Амалдары құрыған жасак қолдарын көтеріп, берілуге көнді.

-Артық қымыл жасасаңдар атып тастаймын. Сыртта серіктерім жетеді,- деп қойды Шүкір көшенні саусағымен көрсетіп ымдал.

-Жан керек болса дыбыстарыңды шығармай сыртқа шығындар,- деді де олардың қаруларын сыпира жинал, арірек ығыстырып таставды да өздерін тізілтіп айдан шықты. Есіктен шығарарда офицердің маузерін сұрып алып қалды. Барін серіктері жатқан жыраға қарай топтай қуалады. Бұларды көріп алдынан қарсы шықкан екі барлаушы мынаған сенерлерін де, сенбестерін де білмей дағдарды. Қалай сенбесін, алдарында немістің жиырма төрт жауынгері мен бір офицері тірілей тұр.

-Міне, ғажап! Міне, ерлік!

-Мұнданай да ғаламат мол олжа болады екен-ау,- деп таңданысты олар.

Бұл күні Шүкір Еркінов тобы өкелген жиырма бас "тіл" тәптеуір мәліметті алға жайып таставды. Шүкір алынған деректерге, өз барлауында көргендеріне сүйеніп, деревняны айналып өтіп, дивизион жауынгерлерін жаудың қалың жатағының үстінен дәл түсірді. Тұтқылдан лап берген кенестіктер басқыншылардың екі пулеметін, бір жұз елудей жауынгері мен офицерлерін жойып, сексен бірін тұтқынға түсірді, деревня фашистерден толықтай азат етілді.

Шабуыл қорытындысын шығарған дивизион командирі, майор Сытник:

-Осы жолғы төтен ерлігі, батылдығы мен тапқырлығы үшін ага сержант Еркінов Шүкір Таңатарұлы бірінші дөрежелі "Даңқ" орденіне ұсынылады, -деп хабарлады.

-Кенес Одағына қызмет етемін!- деген Шүкірдің дауысы саптан асқақ естілді...

Алып үшқан асай көнілді койсайшы, қайда жетелемейді?! Асқақтаған албырт арман қандай көп еді?! Қанша кусаң да

жеткізбейді. Соғыс өрті сенгеннен бергі екі жылда – Архангельск қаласында әскери қызметін жалғастырған кезеңде Шүкір болашақ өмір жолы жайлар сан толғанды. Кім болғысы келмеді десеңші? Ұшқыш, дарігер, мұғалім... Бірақ солардың берін басатын бір безben бар. Ол – зангерлік мамандық. Елге оралғаннан соң туған жер тесінде аунап-кунап сағынышын басқаннан кейін ойда қонақтаған мақсат-мұдде жаһын түрткілей берді.

Зердеден өткізіп қараса, қазір бір басына керектің бері табылатын төрізді. Астында сыландаған ақ боз ат. Жанында дос-құрбы, қызы-қырқын. "Жауынгерлік "Даңқ" ордендерінің толық иегері, батыр барлаушы Шүкір Еркінов келді" деп ауылаймак құрап ұшып, тік түрлі қарсы алып жатыр. Дегенмен оған сонын бері қундікше төрізді болды да тұрды. Жетпейтін нерсе – білім. Білімсіз - өріс тар. Қандай мықты батыр болсаң да онисыз қадамың тұсаулы. Ол осы ойын досы, туысы Иманқожа Бектенұлына айтып:

- Сениң денең шымыр, спортқа бейімсің. Физкультура институтына окуға жүр, - деп үгіттеді. Иманқожа кепті көрген жігіттің уәжіне тоқтап, екеуі Гурьев қаласына тартты. Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясының облыстық комитетіне барып, жағдайларын баяндап еді, мың болғырлар батырдың меселін қайтармады. Кеп ұзамай қолына жолдама ұстадты. "Қазақ ССР Әділет министрлігінің заң мектебі директорына

Қазақстан КП(б) Орталық комитетінің кадрлар белімінің нұсқауына сәйкес Гурьев облыстық партия комитеті Еркінов Шүкір жолдасты Қазақ ССР Әділет министрлігінің заң мектебіне окуға жолдайды.

Қазақстан Компартиясы (б) облыстық комитетінің хатшысы А. Клоноз" деп жазылған 1947 жылғы тамыздың 16-сы күні берілген №02/651 жолдама қолға тигенде Шүкірдің тебесі кекке бір елі жетпей тұрды. Жолдаманы тапсырып тұрып обком хатшысы:

- Осы жолдамамен заң институтына да окуға түсуге әбден жол ашық, батыр жігіт, - деп құлім қақты. Кез нұрында қеудесі орденге толы өренге шынайы риза болған кейіп ойнал түр. Жүрек ерекпиді. Алматыға жеткенше асық.

Астана арман күп келген майдангерді жатырқамай Құшагына тартты. Шүкір не де болса бағын сынап, заң мектебіне емес жоғары оку орнына құжаттарын өткізуге бекінген болатын. Заң институтының ректоры, профессорлар жанарынан от үшқындан тұрған, ой-өрісі кен, әрі кешегі сурапыл соғыста ерлігімен елге танылған Шүкір Еркіновты жылы қабылдады. Олар көрсеткен сенімді шалгайды Тайсойған-Бүйрек вириенен келген студент те актауга тырысып бағып еді. Бірден қоғамдық жұмыстарға құлышына араласып, сабакты беріле оқып, зангерлік мамандықтың құпияларына қанықсам деген ынтаzarлық қеудеге қонақ тапқан. Өттең-ай сол бір

асыл арманның, құштарлықтың адымына аяқ астынан шідер түсті. Өлде қалай қызу кетеріліп басталған дерт күн сайын батпандап кіріп, ақыры Шүкірді тесекке таңып тынды. Ауылдан бірге келген досы Иманқожа шыр-пыр болып дерігерлерге шапқылады. Бірақ үміт аз болды.

- Майданда жабысқан ауруларың қозып кеткен. Оқуды жалғастыруға мүмкіндік жоқ. Алматының, мынау таулы жердің ауасы саган жақпай түр. Еліңе барып, шұбат, қымыз, айран іш, өлден. Содан кейін керерсің. Басың жас, ғұмырың алда, институт қайда қашар дейсің. Абзалы тез жолға шыққаның дұрыс,- деп иманжұзді дәрігер мән-жайды үқтырды.

Шүкірде қарсыласуға дәрмен қайда? Бұған дейін бір-екі рет лекцияға барып байқаған, отыра алмады. Дүние тәңкөріліп барады. Дәрігердің тілін алып, ауылға қайтуға жиналды. Тағы да Иманқожа:

- Сені мына күйінде ақпанның сақылдаған аязында жалғыз жібере алмаймын. Бірге кетемін. Оқуды бұйырса кейін керермін,- деп табандап тұрып алды.

Шүкір:

- Жарқынам-ау, Бүйректен қияндағы Берлинге дейін бораған оқтың астымен барып, аман-есен елге қайтқан емес пе едім? Мен не көрмедім, кеп болса солардың бірі шығар. Жолға шығып, Қызылқоғаға беттеген соң әлі-ақ құлан-таза жазылып кетемін. Сен ауре болма, оқуынды қалдырма,- деп жалынып-жалпайып айтып көріп еді. Оған құлақ асып, көнер Иманқожа болмады, дегенінен қайтпады. Ақыры екеуі Гурьевке жүретін поезга келіп мінді. Ұзақ жол сырқат мендеткен Шүкірді ойға орады. Ол ауруынан айығып, Алматыға, - заң институтына қайта ораламын деген үмітін үзбей, аяулы арманын келешекке жалғап бара жатты.

Бұл жаңа тұрғыда тұрғында, ғана!
Примірілік болып көрінеді!

**КАЗАКСТАН КОММУНИСТИК (БЕЛДЕМЕДІК) ПАРТІЯСЫНЫҢ
ГУРЬЕВ ОБЛАСТЫҚ КОМИТЕТІ
КОММУНИСТИЧЕСКАЯ ПАРТИЯ (БЕЛДЕМЕДІК) КАЗАХСТАНА
ГУРЬЕВСКИЙ ОБЛАСТНОЙ КОМИТЕТ**

16. VI 1947 г.
№ 2155

Документтың датасынан көншінен көншінен

документтың датасынан көншінен көншінен
документтың датасынан көншінен көншінен

номер АДАМ-428

Ақырынан көншінен көншінен көншінен
документтың датасынан көншінен көншінен
документтың датасынан көншінен көншінен

Секретари оғының 11/6/54

Абзала

жолдама

Шүкір Еркіновке оқуға берілген жолдама

КРЫЛОВ ЕЛЕН ТАКАТИРОВНУ
 Герой Советского Союза из отряда
 ЧОПОВОГО ПРОТИВОГЕРМАНСКОГО ДВИЖЕНИЯ.
 Орден "Славы 3 степени".
 1942
 45 отряд
 222
 7.447, 2 Белор. фронт, 3 Белор. армия, 1 Белор. фронт
 10 августа 1942г.
 Слава 3 степени
 Краснодарский край
 Награда не известна

Имя
 Фамилия
 Отчество
 Дата

НАГРАДНОЙ ЛИСТ

1. Фамилия, имя и отчество КРЫЛОВ ЕЛЕН ТАКАТИРОВНА
 2. Звание сержант 3. Должность, часть разведчик - разведка
 45 отд. ЧОПОВОГО ПРОТИВОГЕРМАНСКОГО ДВИЖЕНИЯ
 Представляем к ордену "Славы 3 степени"
 4. Год рождения 1920 5. Национальность русская 6. Порядковый номер 001(0)
 7. Участие в гражданской войне, последующих боевых действиях по зонам СССР и отечественной
 войне (если имел) Бел. фронт, 2 Белор. фронт, 7.447, 2 Белор. фронт, 1 Белор. фронт
 8. Награды за ранения и контузии в отечественной войне расходы не известны
 9. С какого времени в Красной Армии с августа 1942г. 10. Номер РЕК красноармейца
Калининская РАХ Автобусной обл.
 11. Чем ранее награжден (по зоне ознакомления) орденом 3 степени пр. № 0123/п от
 3.7.44г. по 222 ОСД краевого 4.Б.44г.
 12. Постоянный домашний адрес представляемого к награждению и адрес его сестры
Автобусная обл., Тверская р-н, поселок Калачинка, мать - Тахатиро娃
 Галина.

Краткое содержание начисленных личного боевого памятки или заслуг

Тов. КРЫЛОВ один из лучших разведчиков движени. В штурмовых полках он находился всегда впереди движени, собирая все сведения о противнике, разыскивая пути движения и следящий изображение об этом на планшете. В районе г. Ганзенбург 1940г. тов. КРЫЛОВ с группой разведчиков разыскивал пути движени, обнаружив движени в западу, напирающими ворота, вступив с ними в схватку, бросив противника в составе 5 человек было уничтожено, дорога разминирована, тем самым путь движени движени был обнаружен.

Достоин правительственный награды ордена "Славы 2 степени"

КРАСНОДАР 45 ОСД
 1942
 (СЛУЖБА)

25 января 1945г.


об. награждена орденом "Славы

ордена
 Славы
 3 степени

67 Тип. АМО 1945



Ерлік рұхьын тағым



Арпалысып жүріп алған абырой - өмірдің
ең шырын рақаты.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ.

ҚАЙТПАС ҚАЙСАР ҚАҢАРМАН

(Арнау өлеңдер, дастан)
Намыс отын үрлеймін, лапылдатам,

Аманқос ЕРШУОВ,
Қазақстан Жазушылар одағының
мүшесі, республикага еңбекі сінген
қызыметкер

Отан - Ана, сен үшін отқа түсем Шүкірдің монологы

Дабыл!
Отаным дабыл қақты,
Қара бұлтын қайғының қалыңдатты.
Қасиетті жеріме келе жатқан,
Жендеттерден жеркенер жаңым қатты.

Адыра қалсын, Отансыз бақ-талабым,
Аттанамын, еркіммен аттанамын.
Қызыл шақа сәбиді наизаға іліп,
Немістердің кешем бе таптағанын?!

Жау тұмсығын ешқашан ендірмеймін,
Өзің қазған көріне келдің деймін.
Отан-ана!

Сен үшін отқа түсем,
Одан басқа сезінді мен білмеймін.

Қауызындей тарының тарыламын,
Шытынаймын, шынындей жарыламын.
Өңменіңе жабықсан өлексенің,
Өз алдына келтіремін бар ылаңын.

Қанды майдан тағатсыз асыққаным,
Ыза-кегім теңіздей тасытқаным.
Ант беремін, айқасам ата жаумен,
Тамырымда қалғанша қасық қаным!

Шыр айналды тағдыры қас-қағымда,
Бүкіл әлем қайғысы бастарында.
Освенциемо, Бухенвальд түрмелері -
Қанмен ғана қаланған тас қабырга!

Бұйырамын фашистке батыл, қатаң.
Кешір елім!
Көз жұмып кетсемдағы,
Женіс күнін бір табан жақыннатам!

Азар болса, арсыз жау жанымды алар,
Судан таза, сүттен ақ арым қалар.
Сүркіялды сүмдыштың түрін көрген,
Сүрланады мелшиіп қабыргалар.

Тезім мықты шойыннан, темірінен,
Адам мықты өлмеген өлімімен.
Крематорий аузында үңірейген,
Сүйектері сықырлап кемірілген.

Свастика таңбасы - қара таңба,
Бұлшық етте, ойылған алақанда.
Бозторғайдай жүрегім шыр-шыр етер,
Шұбар жылан жылжыса балапанға.

Тау теңселіп, курсінген аспан-ана,
Қанды құрбан карттар мен жас бала да.
Екі талай кезеңде еңсем түссе
Тұфу! Бетке түкір де, масқарала.

Сенім ғана жаныңа жарак екен,
Сенімсіз дүниені талақ етем.
О, Туган жер, бір уыс топырағыңды,
Өрт ішіне өзіммен ала кетем.

Жау мазасыз - масадай ызыңдаған,
Бұзды үйқымды
жай күнде бұзылмаған.
Айналайын, ата су - Ақ Жайығым,
Аман болшы Атырау, Қызылқоғам!

Өн бойымда шарлаған өлең келер,
Топырағың жанымды желеп-жебер.
Өлім деген соншалық қорқыныш па,
Құдірет жоқ тәнімді сенен бөлер.

Ұл тудым деп қуанған, қайран анам,
Отанымдай ұлы күш қайда маған?!

Қоңыр салқын тәскес алып Махамбетше,
Қорғау үшін қаруды сайлап алам.

Қаскей дүшпан қарулы, айлалы да,
Сондадағы буылар байламыма.
Ерлік пенен ездіктің сынға түсер,
Кіріп кеттім ғаламат майданына.

Багытжан ҚАПАШЕВ,
ақын

Ер Шүкір

Толассыз бір ұрыстан соң қалжырап,
Тұрды дүние сұлық түсіп албырап.
Темір исі дәрі исіне қосылып,
Күннің кезі оттай ыстық жандырады.

Оқ бораны сейілгенде тыныстап,
Жауынгерлер демалмақшы дұрыстап.
Белімшеге Чернокосов келеді,
Ұрыс жайлы тіл табысып, үғыспақ.

Амансындар, жағдай қалай, қырандар?
Шаршатты ма екі аяқты мына аңдар?
Шабуылдың қорытындысын баяндан,
Тағы қандай сұрақ болса сұрандар?!

“Қайдан болсын жолдас майор тыныштық,
Оған қарсы күн де мына тым ыстық,”
Деді сол кез бас барлаушы Еркінов
Фашистерге мат болмауга тырыстық.

Иә, ыстық болады ыстық ертең де,
Жанымызды оқ пенен өрт өртеуде.
Қындыққа тәзетүғын өзіндей,
Халқымыздың ұлы болсын өр кеуде.

Басталғанда “Катюшаның” сөлемі,
Алу керек алда тұрган селоны.
Жігіттермен пікірлесіп командир,
Алғы ұрыстың бүйректарын береді.

Командирдің сеніміне желлініп,
Кетеріліп қалды біраз Еркінов.
Ал таңдағы тыныштықта уілдеп,
Соғыс күйі жүре берді шертіліп.

Немістердің бекінісін туралап,
Жауынгерлер жүгірді алға “Уралап”.
Бір үшөуі қарсы келіп Шүкірге,
Боратады оқ оп ішінде тұра қап.

Екеуінің бітірді де жұмысын,
Үшіншісін жетектеді тіл үшін.
“Даңқ” ордені дөрежелі үшінші,
Награда алған еді бұл үшін.

Талай жерді азат етіп алға асып,
Ерлік жолы жүрді ерлікке жалғасып.
Бұл өмірден кетті талай құрбандық,
Әр сүйем жер қолдан қолға алмасып.

Қырық бестің қысында бір долданған,
Мина жіңі жарылады орманнан.
Дивизия түрді аяқ баса алмай,
Шабуылға қанат қағып қомданған.

Басқа жол жоқ ойланып бір таңдауға,
Шүкір шықты үш адаммен барлауға.
Снарядтар жау қеудесін үргылап,
Арттарынан бұл үшеуін қорғауда.

Бес фашист жүрген жолды миналас,
Адамдарга ажал оғын сыйламак.
Автоматтан очередеп бесеуін,
Алға басты қаруларын жинап ап.

Шүкір жолға тазартуды қолға алып,
Дивизия шабуылға қозғалды.
Осы ерлік кімылы үшін артынан,
Омырауы екі орденді болған-ды.

Жақын соғыс аяқталар кезеңі,
Әрбір адам жеңіс күйін сезеді.
Толған неміс деревня Күшковқа,
Шүкір жалғыз елеусіз боп енеді.

Үлкен бір үй көзге түсіп ортадан,
Жан-жагы тал, шарбагымен қоршаған.
Естіледі немістердің дауысы,
Шамасы көп дабырлаған сонша адам.

Өз қаруын кезегенше үрләніп,
Күзетшіні қанжарымен бір жарып,
Автоматын кезей үстап, бір қолында гранат,
Жетіп барды ішкі есікке үрләніп.

Немістердің үзын саны жиырма бес,
Жиырма бесте бір адамдай қалмады ес.
Тастатты да барлығының қаруын,
Айдап кетті дегендей бір жөнге көш.

Будан кейін айтсақ ойды жүйелеп,
Ер ерлігін беріміз де сүйер ек.
Соғыс бітіп, Шүкір елге оралды.
Үш "Даңқтың" орденіне ие бол.

Өтер уақыт, өтер жылдар шұбырған,
Ерлік жайлы толастамас дүбірлі ән.
Қыран құстай туған жердің тесінде,
Шүкір аты түспес қонған тұғырдан.

Ескендір ЕРКІНОВ,
батырдың інісі

Аруақ пен ақиқат

Арнауы бұл жырымның Шүкір батыр
Бір езі батырлықпен мыңға татыр,
Батырлар туады дейді ел бағына,
Орнатқан қас жауына заман ақыр.
40 жыл толды арада сен кеткелі,
Немере бар Шукір атты, ержеткелі.
Даңқыңызды дәріптеп үрпактарың
Еркінов деп аталды мектептері.
Біз бақытты? Сен соның құрбандығы,
Сияқты мен тәнірдің үрган құлы.
Сен өшпейтін мәңгілік жарық жүлдзыз,
Мен үмытпыш кезімді жұмған күні.
Туган ауыл төрінде жиырма бесте
Өр тұлғанды үрпактар алады еске.
Ойыл – Одер өзенін еткел еткен,
Осы біздің ер Шүкір аға емес пе?
Өрмекшідей ерейін,
Сөз маржаннын тегейін.
Кейінгі үрпақ, жалпыға,
Қадірменді халқыма,
Шүкір батыр сырларын
Баяндап, жырлап берейін.
Қодан ағай көзінің тірісінде
Жарайын деп батырдың бір ісіне,
Үлкен етіп суретін салып кетті,
Ілулі тұр өзіндік мектебіндеге.
Мен де жазып жатырмын поэмани,
Ойдан қиял сан түрлі оянады.
Қанша, қалай жазсаң да урыс жайын,
Бір шайқастай болмай жүр олар әлі.
Ұл талты Еркіннің Рахимасы,
Отыздың шамасында оның жасы.
Атасы: - "Аты Шүкір болсын" – деді
Бұл еді немеренің алғы басы
Жалғасы бірер жылда тағы болып,
Атанды Рахиманың Рағиғасы.
Аяғы келініңің құтты болып,
Аталды екінші үл Ескендір деп.
Еркіннің көңіл құсы көкке самғап,

Багы жанып, өрледі өрге тасы.
 Жат жұртқа дейді қызды жаратылған,
 Таңатардың қос қызы ұзатылған.
 Келіні үшінші ұлды босанғанда,
 Орынбасар деген ат содан туған,
 Ата-ана көп кешікпей марқұм болып,
 Ерекең соңғы қызын Бұлжан койған.
 Нагашылары Тоқлас – Алаша.
 Жырши – өнші тамаша.
 Өнерің болса сал өрге
 Енбегінді бер елге,
 Артистікке бірі бармалты,
 Қолқалап қанша сұраса да.
 Әйгілі өнші Фарифолла
 Бірге өскен туып, бір жерде.
 Айтайын ата тегін Таңатардың
 Наурызбай сезген шығар таң атарын.
 Шеркештің Жауғаштысы Ойылдағы
 Жәй келсе дайын тұрған сойылдары.
 Тайсойған – Бүйрек құмын жарып ағып,
 Жайыққа о баста Ойыл құйылады.
 Болыпты Жауғаштының сегіз ұлы.
 Жерді, елді қорғамаса, ердің сыны.
 Ел үшін өлімге де бас байлаған
 Батырды жырламай ма ақын сонда?
 Махамбет, Исатай мәлім еткен
 Үғылман ақын еді Шөрек ұлы.
 Не жетсін біліп алып оқығанға
 Денің сау, мол байлығың болса қолда.
 Досмұхамбет Халелі үй тіктіріп,
 Ақынға жағдай жасап салған жолға.
 Соғысты көрмей жырлау жанды Қинау
 Мінекей бол отырмын зордан молда.
 О заман да бұ заман,
 Батырлар елді қорғаган.
 Жесір дауы, жер дауы
 Жауласпай халық тұрмаған.
 Фасырлар кетсін жыл өтіп,
 Ел қорғаган ерлерді
 Дәріптеді ақындар
 Ұрпаққа үлгі, жыр етіп.

Таңатардың ұлы Еркін туралы:

Соғыста бірінші жер жүзілік мерге алынған,
 Жүк тасып, окоп қазып, қорған салған.
 Екі жыл майдандағы қара жұмыс

Аткарып, аман-есен елге оралған.
Хан - патша құлап қалды өлдекашан,
Басталды жаңа тұрмыс, жаңа заман.
"Тоз" деген ұжым құрып барлық жерде
Қаланды социализмнің ірге тасы - ау.
Бірігіп сабан айдал, егін салды.
Бөгелді Жарыпшыққан, екті талды.
Нұрыштың мамандығы су мұрабы
Конторы Қазыбек түбекте бар гой елі.
"Тоз" болып көп топтанып кетілліз деп,
Колхоз бол белек-белек ыдырады.
Жеті колхоз - бір совет
Өзенов Мұрат басқарған
Ол кезде Ойыл ауданы
Бірнеше ауыл топтанған.
Ол кезде біздер бала едік,
Солардың берін білетін.
Тазарды ауыл қарттардан.
Кеңестер үкіметі - Одақ басы,
Жол бастап коммунистер партиясы.
Бес жылға жобалаған іс жобасы
Айтқаның құлдық үрып екі етпеген.
Бұхара еңбекшінің кәрі - жасы.
Саяатсыз болмасын деп ешбір адам,
Окуга мектеп ашты жаңа заман.
Мінекей сол оқудың аркасында
Өлгенше өлең жаздым құдай тоба...
Білімге Отан жол ашты.
Техниканың тауып тетігін,
Откізді небір сынақты.
Ел жұмылды еңбекке,
Куаныш сыйлай жер - көкке.
Бақыт сонда екен гой
Бейбіт күн мен еңбекте.
Орындауга жоспарды,
Жұмылып халық қолға алды.
Соғыс пәнен аштықтан
Ес жиып жаңа тұрғанда
Колхоздасып біріккен
Бар қындық үріккен,
Екі бес жыл ішінде
Көрмеген ешкім түсінде.
Фажайып жайлар істелді
Фабрика, завод салынды.
Жиылған халық күшімен,
Совет елі гүлденді,
Алматыдан Мәскеуге

Түркістаннан Сібірге
 Темір торап тартылды.
 Қимылың көріп халықтың
 Болар деп арты тым қын.
 Капиталистер қайткенде
 Жою үшін Одақты
 Жұмылып бәрі дүрліккен.
 Италия, Герман, Жапондар
 Азулы елдер атанған.
 Жер жүзін жаулап алуға
 Қару – күш жинап жасанған.
 Гитлер белін байлады,
 Қару күшін сайлады.
 Европа елін жаулап ап,
 ССРО-ны алу ойлары.
 Европаның бар елдерін
 Бірнеше жылдар ішінде
 Шыбын құрлы көрместен
 Басып алды бар жерін.
 Қарамай шартты келісімге
 Не айтарсың тасыр есірге.
 Есепсіз жинап мол күшті,
 Тұтқылдан тиісті
 Москваны басып алуға,
 Жарайды деп екі апта.
 Жер жүзілік согыста
 Қара шаруа еңбекші
 Намысты колдан берменті.
 Ақтар менен Антанта
 Талқаны шығып жеңіліп,
 Халықтық Қызыл Армия
 Таң қалдырырды жер – көкті.
 Өздері күрган одағын
 Қалай жоймақ о залым?
 Қару күшіне сенген Гитлер
 Ойламалты о жағын.
 Алты ай бойы арпалыс
 Москваға жете алмай,
 Халық күрган шебінен
 Діңкесі құрып ете алмай,
 Алдынан да артынан
 Соққының көріп не түрін,
 Тап болып біздің боранға
 Аша алмай үйдің есігін,
 Кие алмай шешкен етігін,
 Шыққаның сезді есінің.
 Қысарын арты білінді.

Москваның түбінде
Қырық бірдің біткен аяғы.
Басқа жасар лаж жок
Жау шегінді, баяғы.
Қаша жүріп соғысты
Қаруы мол зор күшті
Қайткен күнде жаз шыға
Жанын салып аямай,
Көрсетем деп жеңісті
42-жыл басталған
10-шы тамыз айында
Он жылдықты бітіріп,
Соғысқа Шүкір аттанған.

Анасы Рахиманың баласымен қоштасуы:

Тұла бой тұңғыш, Шүкірім,
Ақыл теңіз, пікірлім.
Орта мектеп бітіріп,
Өз еркіңмен сұранып,
Жасанған жаудан жасымай
Жүргелі тұрсың ұрықса.

Ананың берген батасы:

Багың, балам, ашылсын
Дүшпанның кеңілі басылсын.
Қыдыр ата болғай жолдасың
Мөтөнқожа, Байбакты, Сұлтануәйіс, Бекеттер
Аталарың аруақты қызылғанда қолдасын.
Батырда айла басында
Қындық талай кездесер
Жігерінді қайра жасыма.
Бір аллаға сыйынып,
Амандығыңды тілермін
Ақсарбас қошқар садақа.
Уайымдап, сыйынып,
Жолыңды тосып журермін.
Ақ батамды берейін
Аруағың асып дүшпаннан.
Үстем болып мереійң
Елге орал, қарагым.

**Шүкірдің майданға аттануы.
Поезд үстінде туған ауылды ойлап,
кез алдына елестетуі:**

Ойылдан кейін Қобдадан
Поезбенен зулатып,
Соғыска Шүкір аттанды.
Күлқанактай жастарды
Ана сүті аузынан
Әлі дәмі кетпеген.
Асыр салған ойыны
О да ойналып бітпеген.
Өлімнен жоқ хабары
Жауды жену талабы.
Отанымның үл – қызы
Майданға кетіп барады.
Тайсойған, Бүйрек - екі құм
Ортасында Ойылым,
Үлдарын жауға бермейді
Елімнің берген сойылын.
Миялы менен Жамансай
Мал жайлаган арасын.
Сұлықел мен Қамыскел
Арасында шебінің
Жұруші едік адасып.
Аяғын дұшпан бастырмай
Өз жерінде екіртіп
Бос килігіп өкініп
Табатын болар моласын.
Жамансайдың кең жазығы
Тұщықұдық кеп жусан,
Ебелек пенен қонырлық
Төрт тұліктің азығы.
Түгін тартса май шыққан
Мақтауға тұрар жайылым.
Көл жағалай бал құрақ
Қысылмай қыстан қойымен.
Жапыракты бидайық
Көл-кесір малға теп-тегін
Жер ананың жемісі
Алланың еді берісі.
Жаугаштыға немере
Батырқожа ұлы Қазыбек
Құдаласты хан Султанмен
Мекендікке алапты,
Сатып алмай теп-тегін.
Сол арадан тараған

Біздер де соның ұлы едік,
 Бір алланың құлы едік.
 Ұлығылар ұлдарын
 Жаулар келсе түнеріп,
 Жонғарларды, қалмақты
 Талай жауды жайратты.
 Тұрып ек май шам жағып, саман үйде.
 Ол үйді демеуші едік жаман мұлде.
 Қыста да қың демейтін еш аязға
 Ал жазда ыстық өтпейді оған жұде.
 Қыстауы: Есқали мен Еркін деген
 Орынын азар табам өскен жерден,
 Бір – екі жұз метрдей үй арасы
 Айнала қоныс тепкен Сұлукөлден.
 Дәріш шешем, Жұбанғали, Даuletиман
 Үйлері Миялы жақ жолда тұрган.
 Құлман, Бизат шешем, Қадырғали
 Берірек тебелерді қоныс қылған.
 Шеткери құбыла жақта Сәлмен ата
 Ауылда молда атанып, еткен бата.
 Арқада: Ермұрат, Мырзағали, Жылтырдікі,
 Бақтияр, Бақыт, Құрмаш, Шағыртайлар
 Іргелес: Сисен, Аман, Сағынжайлар,
 Ораз, Қосжан, Сұлғадай.
 Ақындар бар-ды бірталай
 Арқалы жыршы атанған.
 Атанияз ұлы Бақытжан
 Ұзак таңға жырлаган.
 Керімдер кетті келмеске
 Күнінен бұрын күрт кеткен.
 Соғыс еді бұрын болмаған
 Ауылым еді Тоқтабай,
 Айтушы еді үлкендер
 Әдепті өскен ел едік.
 Үлкендердің алдынан
 Өтпейтін келін аттамай.
 Аязбай майті қасында үлкен мектеп
 Мектепке білім берген не зат жетпек...
 Оқытты Ахмет пен Салық, Мәлік
 Төрт жылдай сауат аштық содан етпел.
 Қартбайдың Рахымы мен Ақтересі
 Әбдігали, Шүйіншқали іргелесі,
 Су басып кетпесін деп қыстауларын
 Келдердің ел қонысы әр төбесін.
 Кек мешіт көрік берген Саназарға
 Малға жайлы жер барда ел азар ма?
 Күн шықпай күнірентіп молдалары

Намазын оқыр еді таң азанда.
 Қабдолла деген ауыл ұстасы бар
 Кеп үйлер құлап қалған нұсқасы бар.
 Ұғылман, Қабдолғали, Бегім, Нұрым, Мұсағали
 Жазда ағаш үй, пәтерде қыста тұрап.
 Әрірек: Ағаша, Аяған тебесі еді.
 Қенілден елді ойласам жел еседі.
 Шайғали, Ұхсанғали, Шағып, Шүгай
 Таңбайдың Қатиманы – бәрі де
 Жалғас үйлер емес пе еді?
 Сенеудің Кентілеуі Ишашқали
 Ойымнан шығып барады біраз бар үй.
 Дайрабай, Жалмуқан мен Теміржандар
 Сиыр бағып, Белібек пен Қанапия – бәрі сонда
 Япырай, қалған жок па үмыт елі үй.
 Еске алып, жерді ауылымды
 Сағынып ақ мамамды, бауырымды.
 Ақтөбе, Орынборда поезд тоқтап,
 Жетуге Бұзұлыққа тағы жүрді.
 Бұзұлықта түрдүк, біздер үш айдай.
 Ату, түйреу, гранат лақтыру
 Окоп қазу әдістерден өте алмай.
 Миннен жолды аршу керек еш жармай.
 Бұның бәрін жатқа білдік өлеңдей,
 Соғысқанда өте қажет өнердей.
 Жас әскерді жаттықтырар жер екен
 Айда бар деп арпалысқа жібермей.
 Қарашаның онында, бес қаруым бойымда
 Майданға кеттік кірісін.
 Өлем деген қорқыныш болған емес ойымда.
 Жауды жеңіп арманым,
 Қөрерміз кейін қалғанын.
 Боласың деді барлаушы
 Шешесің өзің ар жағын.
 Қай жерде қандай қол жатыр,
 Аз ба көп пе мол жатыр.
 Келесің дейді тіл атып,
 Бүйрықты беріп командир –
 Өте сақ бол деді о, Батыр!
 Ұраны шеркеш – Шағырай
 Жәрдем бер деді о, құдай!
 Қазақтан батыр көп еді
 Аруақтар бәрін жебеді.
 Қеудесіне нан піскен
 Қорқа алмаспын немістен,
 Қаһарлы халық ұлдарын
 Жүр екен жазған танымай.

Окопта отыр үшеуі
 Үстінен Шүкір туседі.
 "Кетеріңдер?" – деді қолыңды.
 "Оңда" – деп, таңір жолымды.
 Кенер емес олар балаға
 Айтқаны кетті далаға.
 Кезді ашып-жұмғанша
 Екеуін тастап найзалаң,
 Ашу қысып батырды
 Кетті қаны қайнап-ақ.
 Командирге тапсырды
 Алдына сап айдал-ақ.
 Елеусіз ерлік қалар ма?
 Полкты сапқа тұрғызып,
 Командирі бағалап,
 Үшінші дәрежелі "Данк" орденін,
 Тесіне жатты ол қадап.
 Бөрің де бол деп осындаі,
 Түйрәндер жауды шошынбай.
 Шашау шықсан иттері
 Үйіріне қалсын қосылмай.
 Астана Москваға тәнді қауіп,
 Жаңбырдай снаряд пен бомба жауып,
 Қиаратты қалаларды, селоларды
 Самолет бомба тастап ауық-ауық.
 Түйілді барша халық жұдырықтай
 Жарық жоқ жайғасуға жауды құртпай.
 Жаулар да жанталасты сертке жетпей
 Тойтарыс соққы тауып, ұшып мұрттай.
 Он сегіз, елу жаспен ел қорғады.
 Батырлар болды сонда ел қорғаны
 Шетінен шепті бузып, шегіндіріп,
 Ел үмітін актады сын жолдағы.
 Екінші жер жүзілік соғыс еді
 Не жеңіліп, не жеңіп, өліспеді.
 Гитлер жаулап алса, жердің жүзін
 Мақсаты, арманы да тегіс еді.
 Екен ғой батырлардың өрісі зор,
 Тенеу таптай ерлікке боласың кор.
 Ақынның да ақыны керек пе екен,
 Бойындағы дарыннан жалыны мол.
 Төрт жыл бойы майданда барлаушылық
 Аңдысқан ата жаумен алысқан нық.
 Сөз жетпейтін ол көzsіз ерлік еді
 Тенеу табам деу оған, ей, ақынным,
 Өзінді өзің жұбатып алдаушылық.
 Біраң жайын үрпақта баяндайын

Жер жұзілік соғыс қой заман гайым.
 Қиямет кепірінде жүрді ерлер
 Қатерлі жауды жену болды уайым.
 Жасамайды тағдыр еш дегенінді
 Өртейді сан өкініп өзегінді.
 Бұрын – соңды болмаған мұндай соғыс
 Көрсетті қайғы-қасірет не көрімді!?

Шүкірдің елге - анасына хаты:
 (Ушінші дәрежелі “Даңқ” орденін алғаннан кейін.)

Ак мама, хаттарыңды алып жүрмін,
 Жасқанбай жауға ойран салып жүрмін.
 Жеті сайын шығамыз шабуылға
 Барлауға, тіл алуға барып жүрмін.
 Қаңбыр ма әлде боран ба?
 Жағдай жоқ оған қарауға.
 Арпалыс бізде күнде де
 Кейде тіпті түнде де.
 Жайғасуға жағдай жоқ
 Жау жатқанда іргеде.
 Күні кеше ымыртта
 Кірістім берген жұмыска.
 Немістер отыр жайғасып,
 Келмегендей майдан ұрыска.
 Кетеріндер десем, - қолыңды
 Біреуінің көзі жұмылды.
 Қалғаны жайды ұғынды.
 "Жарайсың!" – деп жігітім,
 Ақталды, - деп үмітім.
 Орден тақты комбатым
 Олжалы болды ол ісім.
 Алда талай арпалыс
 Жан берісу, жан алыс.
 Азұлы жауды алуда
 Жұмсалады қанша күш.
 Болады әлі мол шабыс
 Аруақтар бізге қорғаныс.
 Женіспен елге оралсак,
 Берімізге сол зор табыс
 Қалт тигенде қолымыз, қалады болып жолымыз.
 Хат жазамыз ауылға, мамам, інім, бауырға.
 Аман-сау елге келгенше сау-саламат болыңыз.
 Жауап хат алсақ кей үақыт, ол солдатқа мол бакыт.
 Қайта-қайта оқимыз, көзді сығып құрғатып.

1943-жылғы қантардан
 Қан майдан қанша басталды.
 Халық тілегі ақталды.
 Қирата қырдық заңғарды.
 Жан беру деген оқай ма?
 Жан ұшырды олар да
 Жинай алмай елігін,
 Жуасып жүн болды боранда.
 Шыдамай біздің сүргінге
 Талайы түсті пленге.
 Шын жеңілу не екенін
 Сенбей ме, не сенер ме?
 Оңбайтын енді уақыты
 Ұлы орысқа ұрынған.
 Масаттанып шапқандар
 Жеңіліс талай тапқандар.
 Жайларлды жазған немістер
 Халық карғысы атқандар.
 Көп үлтты кеңес ел едік.
 Аз болса да қару күш
 Ұл-қызы батыр көп едік.
 Даотты жапты қеудемен
 Қалың қол аман қалсын деп
 Жайратып жауын өзі еліп,
 Нысанбай ұлы Боран да
 Ажалға барған ойланбай.
 Әлия, Мәншүк қыздарым
 Үрпаққа үлгі болғандай.
 Үшқыштар да көп еді
 Намысты қолдан бермеді.
 Бигелдіұлы Талғат та
 Екі рет батыр атанды.
 Болғасын толық "Даңқ" иелері,
 Бері де шын ер еді, киелі еді.
 Қан майдан қай кездерде басталмасын
 Халықтың ерлері ғой сүйенері.
 Қыза түсті қан майдан
 Жаугаштыдан жау қашты.
 Ұл-қыздары Отанның
 Көтерді қатер салмақты.
 Тылдағылар тырмысын,
 Жан аямай жұмыс қып,
 Әйелдер, балалар атқарды
 Еркектердің жұмысын.
 Жан қалған жерде бері де
 Тек жеңісті армандар
 Партизан тобын құрып ап,

Жауға ойран салғандар.
Солардың көріп ерлігін
Халқымның біліп бірлігін
Жаулардың жұні жығылып,
Қоршауында қызыл өскердің
Пленде топ-топ қалған бар.

Анасының баласына хаты:

Тұрғышым менің, тұнғышым.
Жауған оқпен, жаңған өрттен
Аман-есен жүрмісің?
Жеңіске сендер жетсін деп
Тезірек соғыс бітсін деп
Ауылда қалған жандар да
Аямай жатыр бар күшін.
Ақ тары мен ақ бидай
Бір дәнін шашау қалдырмай
Фронтқа жүрміз жіберіп,
Ет, сүр, сары май әлі де
Жылы қолғап берін де
Жібереміз әлі де.
Аман-есен жүріңдер,
Жауды жеңіп келіндер.
Көруге жаз деп тілейміз
Кектегі жалғыз тәнірден!

**Әкесі Еркіннің Шүкірге хаты:
/Кузбасс шахтасынан/**

Жасаймын жаратқанға шүкіршілік,
Құдайым беріп еді Шүкір туып,
Левитан радиодан хабарлады:
Армия бара жатыр деп жауды күып.
Тылда күн-тұн жұмыс етіп жүрміз,
Белшеден қындықты кешіп жүрміз.
Сеніммен Қызыл Армия женеді деп,
Аллаға шүкіршілік етіп жүрміз.
Білемін бұғанаң да қатпағанын,
Тілеймін ажал оғы деп сақтасын.
Аман-сау жауды жеңіп елге оралсан,
Балам, сол ана сүтін ақтағаның.
Бетіңен еміреніп ойша сүйіп,
Кемеровск шахтадан хат жазамын.
Сағынып туган жерді жүрмін мен де,
Тірлікте не көрмейді шіркін пенде.
Қалпына қала-село келер еді.

Оралып жауды жеңіп келсек елге.
Елді ойлап қарсы айрыла көкірегім,
Не халде сүйген жар, үш жетімегім.
Көрсетпей ешбір қорлық біреуіңе,
Арманым зор азamat ету еді.
Сендерді бір керуді бақыт көрем,
Тоқтап түр, бітіп болмайды уақыт деген.
Тұған жер топырағын басқызышы деп,
Қайғының тұнғығына батып жүрмін.
Ал енді қош-есен бол, жаным балам,
Кеттім-ау көп толғанып сағынғаннан.
Аңсаған әке көңлі алаңдайды,
Көруге тәнір жазсын есен-аман.
Аман бол, қалқам, осымен сезім тамам.
10 тамыз 1943 жыл.

Шүкірдің әкесіне хаты:

Қыркүйек 1943 жыл.
Хатынды алдым, жан кеке,
Шын сағынған екенсің.
Бұл дүниеде еш зат жок,
Әкеге тұған жететін.
Жауды күып барамыз,
Айтқызып атын, көкесін.
Рейхстагқа ту тігіп,
Шаңдататын шығармыз.
Берлиннің көшесін,
Польшаның азат еттік Варшавасын,
Бостан сүйгіш халықтың бас қаласын.
Жаулар да жанталасып өрең берді,
Аз уақыт мекен еткен баспанасын.
Бір шайқаста қалады қатар сиреп,
Аман-есен қалғанға таң қаласың.
Бір күнің өзі жұз күндей,
Емес уақыт ететін.
Сағыныштың шегі жок
Қош-аман бол, кекешім,
Хатымды жазып болдым таң алдында,
Кез шырымын аламын қараңғыда.
Ауылдың амандығын, жайын айтқан
Алып тұрам хаттарын мамамның да.
Келеді 1943 жыл аяқталып,
Сақта алла деп қоямын аманмын ба?
Қазақ қой қарға тамыр күн көретін...
Біреуі өлсе, біреуі туып үлгеретін.
Артында бір тұяғы қалса болды.

Келер күн, келешекте зор сенетін.
 Отыrap опат болған қайран қала.
 Үлгеріп қашып шықкан жалғыз бала,
 Қырғынның небір сұмдық түрін көріп,
 Жатыр гой күніреніп қайран дала.
 Сақталды артта қалған тұқтартдан,
 Бір езі миңдан артық сияқтанған.
 Шегі жок, шенбері мол кең даламның,
 Аясы батырлықтың сияқтанған.
 Қазақтан батырлардың түрі шықты,
 Қай ел де қаймығыпты батырлардан.
 Құш жұмсал жеңу қын - қазақ мықты.
 Ақиқат шындық еді бұның бері.
 Жырлаған ерлік туын ақындары,
 Жұз жиырма дастаны бар олар жайлы.
 Өзі өлді ерлігі өлмей жасар мәңгі.
 Қазақтың қасиетті үл-қызы кеп,
 Тамаша тарихтарды кешкен бастан.
 Ешкімге кез алартып қол көтермес,
 Ешкімнің қорлығына қазақ кенбес.
 Етек-жені далиған кең даламның,
 Үлтарақтай жерін де жатқа бермес.
 1944 жыл. Қан майдан қыза түсті,
 Қан қайнайды бойында кек пен ыза күшті.
 Киев, Житомир, Минск – шекара тегістей,
 Сан шайқасты еткіздік талай сынды.
 Жеріне Германия қалдық жетіп,
 Бекініс берік қамал оқ өтпейтін.
 Берлинді біз алармыз талқан етіп,
 Алматыда құрылған дивизияның,
 Генерал Панфилов еді қолбасшысы.
 Москваға кіргізбей күғанының,
 Женістің осы болды бастамасы.
 Жиырма сегіз Қызыл Гвардия
 Ел сөнімін ақтаған,
 Астананы жаудан қорғаған
 Алматыда түр ескерткіш.
 Батырлардың атағын
 Өшірмей мәңгі сақтаған.

Шүкірдің елге хаты:

Ақ мама, соғыс келеді аяқталып,
 Берлинге біздер тұрмыз таяп барып.
 Күн жақын жауды жеңіп жайрақ қағып,
 Айтармыз ел сөнімін біз ақтадық.
 Күні кеше бір селоны біз алдық.

Офицер мен 24 солдат әкелгенмін тіл алып,
“Зор жеңіске үлес көстың, - деп Батыр
Алтын жұлдыз ұсыныпты командир,
Балалар оқуларын жалғастырын
Білім керек білуге емір сырын,
Білімдінің көңілі көзі ашық.
Оку керек сол үшін алмай тыным.
Аман-есен едге оралсам, ақ мама,
Көңіл белмей қекір-шүкір басқага,
ВУЗ-ға түсіп білім алсам жогары.
Арман-мақсат орындалып болады.

Шүкірге анасының хаты:

Қарағым, ризамын алған хатқа,
Оқиды інілерің интернатта.
Қалпына колхоз жайын келтіруге,
Қызы жұмыс жүруде біздің жақта.
Орнап жаным тыныштық,
Жатырмыз тынбай жұмыс қып.
Қатын-бала, кемпір-шал,
Арқасында жұмыстың
Құрыштай бол шынықтық.
Егін егу, мал бағу,
Сиыр сауу, шеп шабу,
Қатардан қалмай қайратпен
Қай күнде керек мал бағу.
Асығып, келуінді күтудеміз,
Женісті мақтан етіп өсудеміз.
Қайтсек те кемістікті толтыра алмай,
Кекірек қарсы айрылған жетімдерміз.
Қара нардай қайғыға қайысатын,
Бере ғер, деп қайырын патша құдай!
Осы біздің колхоздан,
Алпыс жігіт жауға аттанған.
Оралғаны азғантай,
Кетуге құрып шақ қалған.
Елдерді, жерді тазартып,
Германнның кірген жеріне.
Жанталасып жаулар да,
Түрі жоқ қояр беріле.
19-шы қаңтардың 45-шы жылы еді,
Алдын байқап жол ашып,
Барлаушы Шүкір жүр еді.
Арасында орманнның,
Бес немісті көреді,
Батыл қимыл қайратты,

Бес немісті жайратты.
 Миннен жолды тазартып,
 Дивизионге журер жол ашты.
 Екінші жұлдыз тесіне
 Осы жолы қадалды.
 Ардагер жауынгер аталды.


**Шүкір туған ауылына біржола келді.
 9 май 1947, 1948, 1949 жылдар.**

Елге келді, қауышты ата-анаға,
 Сағынгаптап мен бауырларға.
 Інісі Орынбасар интернатта,
 Ескендір техникумда оқып жатты.
 Өзі де Алматыға ВУЗ-ға түсті.
 Менгеру заң білімін арманы еді.
 Қанды соғыс денеге із қалдырап,
 Ауырып октябрьде елге қайтты.
 Атақты Ахмет Сұндетұлы
 Алты ай емдең дәрімен жазды бұны.
 1948, 1949 – жылдар жұмыс жасап,
 Аз уақыт қызықпенен өтті күні.
 1949 жыл. Қыркүектің 22-ші жұлдызында
 Кенеттен ажал келді, кезін жұмды.

Анасының жоқтауы:

Ботасынан айрылып,
 Жосадай болып жылағын.
 Балдан тәтті баладан,
 Еді гой жаным садаға!
 Жауды женғен батырым,
 Шынарым сынып құлаған.
 Шүкірім кетті-ау келмеске,
 Қалай тірі жүре алам?
 Лагнет айтып ажалға,
 Артында ұлының қалғанша
 Алладан ажал сұраған.
 Қасіретінен баланың
 Кекірегіне шер толып,
 Жыл өтпей ана қайғыдан
 Иманы болып жолдасы
 О дүниеге аттанған.
 Аруакты анасы!
 Кеткендер кетер келмеске,
 Кім өлсе соған таар ақыр заман,
 Не пайда жоқтау айтып жылағаннан.

Жан ага! Бітпес қайғы салып кеттің,
 Қызылып халқың ушін қыршыныңнан.
 Ойылда орта мектеп атағында
 Шүкір батыры Еркінов деп атында.
 Мұражай ерлігінді баяндайтын,
 Үрпакқа үлгі болып түр ауылда.
 Батырдың өзі өлсे де аты өлмейді,
 Есімің мәңгі қалар ел жадында.
 Халқына, Отанына болған қорған,
 Есімің батырлардың ұлығылаған.
 Еркінов – деген есіміңді
 Мәскеуде тау тасына ойып жазған.
 Батырлар мәңгі өлмес өулие гой,
 Басында күндіз-түні шырақ жанған.
 Паркте жеңіс күнін мейрамдаған,
 Гүл қойып, басын иер әрбір адам.
 Атымды алаш білер ме еді сен болғанда,
 Ұқ болып тұрар ма едің жел соққанда.
 Бұл өмір соғыссыз-ақ майданға тен,
 Жас кеткен сен де арманда, мен де арманда!
 Кешелер аттарыңмен аталады,
 Есімің естен кетпей жатталады.
 Болғай деп балалары батырлардай,
 Үрпакқа ұлығылап ат қояды.
 Бұл арман жеткізбейтін екен сағым,
 Тірі жан керіп жатыр сор мен бағын,
 Жүйткіген уақыттың жетегінде,
 Тұрмайды тұрленеді заман ағым.
 Қызылқоға, Ойылдан шыққан тұлға,
 Қалайша кете аламын қоспай жырга.
 Орнатқан батырлардың бейбіт күні,
 Белесін жер дүниені алтын нұрга!



Тауды биік демендер,
Талаптансаң шыгарсың.
Жауды мықты демендер,
Ерлік қылсаң жыгарсың.
Нүрпейіс БАЙГАНИН.

ХАС БАТЫР ҰРПАҒЫ БАРДЫҢ АРМАНЫ ЖӘҚ

(Есте қалдыру шаралары)

„ЗА ОСВОБОЖДЕНИЕ ВАРШАВЫ“



17 ЯНВАРЯ 1945 г.

Л № 375944

УДОСТОВЕРЕНИЕ

За участие в геронческом
штурме и освобождении
Варшавы

Гардии Сергея Ерхинова
Шукра Гономарева

Указом Президиума Верховного
Совета СССР от 9 июня 1945 года
награждены медалями

За освобождение

Варшавы*

Указом Президиума Верховного
Совета СССР № 9 от 9 июня 1945 года
награждены медалями

За освобождение

Варшавы*

Указом Президиума Верховного
Совета СССР № 9 от 9 июня 1945 года
награждены медалями

За освобождение

Варшавы*

Указом Президиума Верховного
Совета СССР № 9 от 9 июня 1945 года
награждены медалями

„За победу над Германией
в Великой Отечественной войне
1941—1945 гг.“

„ЗА ВЗЯТИЕ БЕРЛИНА“



2 МАРТ 1945 г.

В № 275738

УДОСТОВЕРЕНИЕ

За участие в геронческом
штурме и взятии

Гардии Сергея Ерхинова
Шукра Гономарева

Указом Президиума Верховного
Совета СССР от 9 июня 1945 года
награждены медалями

За взятие Берлина*

Указом Президиума Верховного
Совета СССР медаль вручена

Гардии Сергея Ерхинова

Гардии Сергея Ерхинова
Шукра Гономарева

Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің қаулысы

8 маусым 1977 жыл

№292

ЖАЛПЫ БІЛМ БЕРЕТИН МЕКТЕПТЕРГЕ АТ БЕРУ ТУРАЛЫ

Қазақ ССР Министрлер Кенесі қауылды етеді:

2. Гурьев облысының Қызылқоға ауданындағы жалпы білім беретін Орлықөл орта мектебіне Шүкір Таңатарұлы Еркіновтың аты берілсін және ол будан былай қарай Ш.Т.Еркінов атындағы жалпы білім беретін орта мектеп деп аталсын.

Қазақ ССР Министрлер Кенесінің Төрағасы

Б.ӘШІМОВ.

Қазақ ССР Министрлер Кенесінің Іс басқарушысы

В.КОНДРАТОВИЧ.

**"Даңқ" ордендерінің толық кавалері
Ш.Еркінов атындағы жүлде үшін өткізілген
волейбол турнирі туралы**

О.Т.Еркінов жолдасқа

Аудандық спорт комитетті ЛКСМ аудандық комитетімен бірлесе отырып, жерлесіміз "Даңқ" орденінің толық кавалері Ш.Еркінов атында кубок тағайындаған. 1983 жылғы №438 20 декабрь күнгі ЛКСМ аудандық комитетінің қаулысына сай үйымдастыру комиссиясы құрылып /5 адам/ 1984 жылы 6, 7, 8 январь күндері волейболдан турнир өткізілетін болды. Турнир белгіленген уақытта "Қызыл ту" совхозының орталығы "Жасқайрат" селосында, Шүкір Еркінов атындағы 10 жылдық мектептің спорт залында өткізілді. Турнирге 9 команда қатысты. Совхоздар және Ш. Еркінов атындағы мектептің командалары. Командалар 6 күні келіп, мектептің интернатына орналасты. Жарыс 7 күні сағат 9.00-де ту көтеріліп, салтанатты түрде ашылды.

Программа бойынша 7 январь күні кешкі 20.00-де "Шалқыма" мәдениет үйінде жастар кеші өткізілді. Жарыс 8.00 сағат 14.00-де аяқталды. Жарыс қортындысында Ленин совхозының командасы 1-орын, Абай атындағы совхоздың командасы 2-орын, "Қызыл ту" совхозының командасы З-орынды жеңіп алды. Бірінші орын алған Ленин атындағы совхоздың командасы "Даңқ" орденінің кавалері Ш.Еркінов атындағы жүлде деп жазылған аудандық спорт комитетінің кубогімен және ЛКСМ аудандық комитетінің грамотасымен наградталды.

Бұл турнир ауданда бірінші рет үйымдастырылып отыр.

Алдағы уақытта үзбей үйымдастырылып, өткізіліп туратын болады.

**Қызылқоға аудандық спорт
комитетінің председателі:**

Б.ДОСЖАНОВ

4.04.84 жыл

ХАБАРЛАНДЫРУ

Кыркүйектің 24 жулдызында, Жасқайрат селосының
“Шалқыма” мәдениет үйінде, жерлесіміз,
“Данқ” орденінің толық иегері

Шүкір Таңатарұлы
ЕРКІНОВТІҢ

70 жасқа толуына орай

“Ерлік - елге мұра”,
Үрнакка - ұран”
деген тақырыпта Еркіновтер ұрпағымен
кездесу кешіне шакырамыз

БАҒДАРЛАМАДА

естеліктер
жүздесулер
концерт

Басталуы 15 сағатта
үйымдастыру комиссиясы

1994 жыл

Төлөген ЖАҢАБАЙҰЛЫ, баяндамашы

Шүкір батыр

Ардақтауға лайық арыс

Қызылқоға ауданындағы Ойыл ауылдық кеңесінің Мәдениет үйінде өткен "Даңқ" ордендерінің толық иегері, батыр барлаушы Шүкір Таңатарұлы Еркіновтың туғанына 70 жыл толуына арналған салтанатты жында жасалған баяндама.

Ассалаумагаликум, ағайындар!

Бүгін қызылқоғалықтар үшін, соның ішінде мына отырған Сіздер, жасқайраттықтар үшін бір ерекше күн болып отыр. Бұрын атақты ақындардың, жазушылардың, сазгерлердің, ғалымдардың, еңбек адамдарының атаулы күндерін, мерей тойларын дүбірлете атап өтуге үйрәндік, соны дәстүрге айналдырған едік. Енді міне елін, жерін жаудан қорғауда жаңын аямай, асқан ерлікпен соңында белгілі із қалдырған ейгілі жерлес батырымыздың аруағына бас иіп, тағзым ету біздің де, яғни қызылқоғалықтардың да еншісіне тиіп отыр. Атагы алыска кетіп, аты жалпақ жайылған, кіндік қаны өз жерімізде тамған "Даңқ" ордендерінің үш дәрежесінің толық иегері атанған ержүрек барлаушы Шүкір Таңатарұлы Еркіновтың туғанына 70 жыл толуын атап өтуге жиналып отырмыз. Сіздерді, сіздер арқылы бүкіл қызылқоғалықтарды, батырдың туған-тыңқандарын осынау салтанат сағатының соғуымен шын жүректен құттықтауға руқсат етіңіздер!

Иә, әр заманың өз батырлары болады, әр кезең өз қаһармандарын тудырады. Біздің өнірдің де өзінің атақты адамдары, зерделі зиялыштары, ерлік туын еңкейтпей үстаушылары әр дәуірде де барышын болған. Олар - бәріміздің ортақ мактандышмыз. Кешегі ереуіл атқа ер салған Исатай мен Махамбет, еңку-енку жер шалған Қабыланбай мен Қалдыбай, Асаудың Тұрланы сынды қаһарынан хан қалтыраған, айбарынан патша әскері айбынған бірегей ерлеріміз болған. Қара қылды қақ жарған Бекен, Есет, Мақаш, Қазыбек билердің алдынан кім өткен? От ауызды, орақ тілді ақындарымыз Шернияз, Нұрым, Мұрат, Ұғылман, Таубай, Ұбыраш, Сұлтанқұби, Айтмағамбет, Зімбілдер қай сез сүлейлерінен кем? Әуені алпыс екі тамырыңды елжіреткен, қүйқылжыған күй құдіреттер - сазгер Еспай мен оның серігі Қисық ше? Күні кеше туғанына 110 жыл толуы мерекеленген, өз зауыттарыңыз есімін иеленген, жырмасыншы ғасырдың Шоқаны атанған сан-

салалы ғұлама ғалым, қоғам қайраткері, дәрігер Халел Досмұхамедулының өмір деректері, өткел жолдары тұнып тұрган өнеге өрсі емес пе? Қазақтың саз өнерінің еркендеуінде салиқала салмағы бар сазгер, өзіміздің Мәкелім Қойышбаев, артына том-томдап құнды кітаптарын қалдырган жазушыларымыз Габдол Сланов пен Берқайыр Аманшин - рухани қазына-байлыгымыз. Бүгінгі телегей теңіз білімді академик-жазушы Зейнолла Қабдолов пен академик-зәңгер Салық Зимановтар да мәндай түзөр темір қазықтарымыз. Оларға кейінгі толқын - Мереке Құлкенов, Марат Мәжитов, Жолдығали Бақытовтарды қосыныз... Тайсойған, Бүйрек өнірінен шыққан мұндай арқа тұтар асылдарымыздың, топ бастар серкелеріміздің, танымал-таланттарымыздың тізімін өлі де соза беруге болады. Шүкір, олардың қатары мол еken. Лайым, толыға түскей!

Айтпақшы, біз батырдың тойында отырып, өткен Ұлы Отан соғысында дараланып шыққан дарабоздарымызды атауды неге ұмытамыз. Сарқел мен Қарабаудың ортасында туып, Мақат маңына аялдап, майданға аттанған, сүркія соғыста жауына жай оғындан тиісken Кеңес Одағының Батыры Муса Баймұқанов кеуде кере отырып, әңгімелізге алтын арқау етер ұлағатты ұlyмыз. Неміс ордасы - Берлинге ілкілердің бірі болып топ бастап кіріп, қаймықтай қанды қол қарақшылардың қаһарлық қақпасына тап берген қазақ офицері Кенжебай Маденов те біздің топырақтан жарапған ұлан. Оның қыран қимылдарын омырауына батырлықтың терт Алтын Жұлдызының катар таққан қаһарман маршал Жуковтың өзі қаламына іліктіріліп, кітабында тамсана суреттеп, жазуы тегіннен-тегін болмаса керек, сіре. Солай! Бұл аймақ батырлар мен ақындар, аруақтылар мен ардақтылар мекені. Бір ғажабы, солардың бірқатары осы Ойыл ауылдық Кеңесіне қарасты жердің төл перзенттері, болмаса, өмір өрімдері осы алқаппен тікелей қатысты. Оған 108 жас жасаған шежіре Жөлеке Зұлқанұлын, екі Социалистік Еңбек Ері Досымбай Кеңесов пен Мырзакүл Сартовты қосқанда отау еңесі біктей түседі. Осындай озық ортадан Шүкір Таңатарұлындағы асқан батырдың шығуы табиғи заңдылық.

Мен "асқан батыр" деген сез тіркесін босқа пайдаланып тұрган жоқпын. Оның шын мөнінде асқан батыр болғандығына өңгіме желісін зер салып, бағып отырғандар өбден көз жеткізе алады деп ойлаймын. Сонда Шүкір Еркінов кім? Қандай ерліктер жасаған? Соғыстан кейінгі өмір жолы қалай болған? Енді - қолдағы деректерге сүйеніп, осы сауалдарға жауап тауып берсем деймін.

Бұдан дөл 70 жыл бұрын, 1924 жылғы қыркүйек айының аяқ шенінде қазіргі Атырау облысының Қызылқоға ауданындағы Халел Досмұхамедұлы атындағы асыл тұқымдық қаракөл қой

зауытының қазіргі Даuletиман елді мекенінде Еркін мен Рақиманың от басында олардың тұнғыштары дүниеге келді. Ағайын-тұыс, көрші-келем жиналып, азан шақырып оған Шүкір деген есім берді. Шүкір! Шүкіршілікке тоймаган, қанағатшыл қазақтың қуана-құптауынан, ілтилат ырымынан туған айшықты атау еді. Ол кезде Шүкір туған №19 ауыл Ақтөбе облысының Ойыл ауданының қарамағында болатын. Сондықтан болар, күні бүгінге дейін кейбір құжаттарда, кітаптарда оның туған жері бүрмаланып, жансақтық туғызып жүр. Соларды алға тартып, ақтөбеліктер батырымызды өздері тубегейлі еншілеп кетуге шақ қалды. Ұлттымыздың сарабдал салты бойынша Шүкір атасы Таңатар мен әжеоі Ажардың бауырында есті. Туу туралы қуәлікке де Таңатарұлы деп жазылды, ейтеуір фамилиясы өкесінде қалды. Кейінгі балалар Ескендір, Орынбасар, Бұлжан туғанда да аға ізімен осы дәстүр өрі қарай жалғастырылды.

Шүкір білім негізі - бастауыш мектептің дәрістерін көршилес Батыс Қазақстан облысының Қаратебе ауданындағы Саралжын ауылында - нағашыларының қолында алды. Будан кейін Қамыскел, Сулықел мектептерінде оқыды. Ал 8-10-шы кластарды ату шулы Кекжардағы, қазіргі Ойыл кентінде орта мектепте оқып, оны үздік бағамен бітірді. Бұл - 1942 жылғы кектемнің жазбен тоғысар тұсы болатын. Соғыстың нағыз шайнасқан шағы. Шүкір орта мектеп аяқталмай тұрып майданға сұранғандардың бірі еді. Әскери комиссариаттағылар жасың толған жоқ, орта мектепті бітір - деп кері қайырган. "Енді міне, жол ашылды, тек аздан жасы - кәмелеттік мерзімге жетпей тұрғаны болмаса. "Отан үшін курес - елге тиғен үлес" деген емес пе? Қайсар есken қыр ұлы Қобда аудандық әскери комиссариатының Ойылдағы шақыру орталығына барғыштап жүріп ақыры дегеніне жетті. 18-ге толмаған жігіт тамыздың 18-і күні жауға қарсы соғысуға аттанды. Өуелі Бузулук қаласында әскери дайындықтан етті. Содан кейін 1943 жылғы шілде айынан бастап үрыстың қызған жері-Батыс майданының құрамында Сталинград шайқасында шыңдалды. Шүкір бірден командирлердің көзіне түсті. Тапсырмаларды мінсіз орындал, алғыстардың бірінен соң бірін алды. Дегенмен, оның ерекше ерліктерімен еленген кездері 1944 жылдың сеуір айынан бастап бірінші, екінші және үшінші Беларус майдандарының салында болған 222-ші Смоленск атқыштар дивизиясының 43-інші жеке өздігінен жүретін артиллериялық танкіге қарсы жойғыш дивизионында барлаушылық міндетті атқарған уақыттары еді.

Сез жоқ, соғыста барлаушы болу аса жауапты, өрі ауыр. Шын мәнінде белімшениң, дивизионның бүкіл тағдыры, сәтті, сәтсіз шабуылдары соның жеткізген мәліметтеріне тікелей байланысты болып жататын. Демек, барлаушының қателесуге, ез ісіне жүрдім-бардым қарауға тіпті де хақысы жоқ. Бұл ол

қағиданы Шүкір де мықтап есте үстай білді. Жауескерлерінің қозғалыс бағыты, орналасу тәртібі, құрамы, қару-жарағы жөнінде дәл мәлімет алу үшін ана сүтінен жаралған, қаршадайынан қалыптасқан қажырлылық пен шымырлылық, шеберлік пен ептілік, ынталылық пен ыждағаттылық оған көмекке келіп отырды.

Совет өскерлері 1944 жылғы маусымның 24-і күні Проня вененінен өтерде немістердің кескілескен қарсылығына тап болды. Жауынгер Шүкір Еркінов те алғашқылардың бірі болып, фашистердің бекінген орнына жетеді. Оқты қарша боратып келіп, бекініс орга аяғы тигені сол еді, оның қырағы көзі тығылып жатқан үш немісті шалып қалды. Шүкір мылтығын кезеңіп, "Қолдарыңды көтеріп, беріліңдер" деп өмір етеді. Алайда, оған өлгілер бағынудан бас тартып, өзіне тарпа бас салады. Бір өзі жаудың үш жауынгерімен шайқасқа түскен ол барлық әдіс-айланы салып бағады. Өзелі көз іліспес шашаңдықпен екеуін мылтық наизасымен түйреп өлтіреді де, қалған біреуін өлтірмей қолға түсіруді ойлады. Қашан да барлаушының көкейінен кетпейтін нерсе - ол белімшесіне тірдей "тіл апару". Қырдың қызыл құмында/құрбы-құрдастарымен күресіп, оның талай тесілдерін менгерген жігіт қарсыласын қас пен көздің арасында жер қаптырады да, қолын байлап белімшесіне әкеліп тапсырады. Осы ерлігі үшін дивизион командирі, майор Чернокосовтың ұсынысы негізінде 1944 жылғы шілденің 5-інде Шүкір Таңатарұлы Еркінов "Даңқ" орденінің үшінші дәрежесімен байрақталады.

"Шын ер женсе - тасымас, женілсе жасымас" деген ғой халық. Тұмысынан қаралайым Шүкір ермін деп есірмеді, мықтымын деп масаттанбады. Өзімнің жауынгерлік міндеттімдіғана орындан жүрмін деп түсінді. Оны "Даңқ" орденінің екінші дәрежесіне ұсынарда дивизион командирі, майор Сытник байрақтау қағазына былай деп жазыпты. "Дивизияның ең таңдаулы барлаушысы Еркінов Шүкір Таңатарұлы шабуыл кезінде дивизияның алдында жүріп, жау жағының барлық мәліметтерін жинап, қозғалыс жолын барлап, дер кезінде өскери басшылыққа хабарлап отырды. 1945 жылы қантардың 19-ы күні Томашув қаласы тубіндегі шабуыл кезінде Еркінов Шүкір Таңатарұлы барлаушылар тобымен жол бойына барлау жүргізген кезде жолды миналап жатқан неміс торуылын байқады да, олармен айқасқа түсті. Құрамында бес адамы бар неміс торуылы құртылып, жол миналардан тазартылып, дивизияның ілгері жүруіне жол ашылды. Осы ерлігі үкімет наградасы - "Даңқ" орденінің екінші дәрежесіне лайықты".

Бұл бояуы өзгермеген командирдің өз сезі. Тек орысшадан қазақшаға тәржімаланған. Осыдан не байқауға болады? Әрине, жерлесіміздің жүрек жүтқан батырлықтарының бір көрінісіға ғана қылаң береді. "Қырағының өзі де, көзі де батыр",

неміс торуылын байқап қалып, бақайшағына дейін қаруланған жауды жайлайды. Онымен коймай барлаушы өзіне таныс емес, саперлік міндепті атқарып, жолды минадан тазартып, бүкіл дивизияға жол ашады, қалың қолдың тағдырының оңтайлы шешілүіне мұрындық болады. Бұл екінің бірінің қолынан келе бермейтін төтен ерлік.

Шүкір Таңатарұлының соғыс ерлігі тіпті қайталанбас құбылыс. Белкім, менің осы сезімді - асыра айтқандық деп бағалап, кекесінмен қарсы алушылық та кездесер. Жок, қайталанбас құбылыс. Қараңыз, бұл күні Күшков деревнясы әддегіден тыс тыныштықта еді. Шүкір деревнядағы жау орналасқан жерге сездірмей еніп, үй-үйдің тасасымен бұқпақтап немістердің топтасқан жатағына жетеді. Іштен қарқылдаған құлкілер естіледі. Біреу, екеу емес, ондаған фашист. Сіре, бірдемені тойлап жатқанға үқсайды. Не істеуге болады? Терезелерден кірге мүмкіндік жоқ. Жалғыз есіктен басқа ішке бас сұғатын жолдың реті көрінбейді. Не де болса нар тәуекел. Шешінген судан тайынбас болар. Шүкір осы тоқтамның жалынан мықтап ұстап, авоматтын алға ұсынып, сол қолына граната ұстап, арыстанша атылып, есіктен ішке кіреді. Фашистердің кезі атыздай болады. Бұрыларға шамалары жоқ еді. 24 неміс жауынгері мен бір офицері қолдарын көтеріп, жалғыз қазақ жігітінің алдында құрдай жоргалайды. Дивизионға айдалып әкелінген жиырма бес тіл төп-төуір маліметтер береді. Шүкірдің өзі олжаларын тапсыра сала деревняны айналып етіп, дивизион жауынгерлерін фашистердің қалың орналасқан жеріне бастап апарады. Тұтқылдан лап берген Совет жауынгерлері басқыншыларды талқандап, екі пулеметін, 150 -ге жуық солдаты мен офицерлерін жояды. 81-ін тұтқынға түсіреді. Шүкір Таңатарұлы дивизион командирі Сытниктің ұсынысы бойынша осы жолғы ерлігі, батылдығы мен тапқырлығы үшін "Даңқ" орденінің бірінші дәрежесімен байрақтауга лайықты деп табылады.

Бұл ерлік барша ақ ниетті адамзатқа қуаныш сыйлаған Ұлы Жеңіс сағатының соғуына он күн қалғанда жасалыпты. Бірқатар адамдардың қарғыс атқан соғыс қашан аяқталады, елге аман қайтсақ деп басын сауғалап жүрген тәуліктері. Ал, бұл, Шүкір Еркінов болса жападан жалғыз өзі қаптаған жаудың қалың ортасына кіріп алып, ойран салып жүргені. Шыбын жаңын сақтауды ойлап, шіміріккен пендениң әрекеті бұлай болмаса керек. Қайта жауға деген өшпенділік кеудесін кернеп алған кезсіз ердің іci ғой. Оның қимыл-қарекеттерінен осыны жазбай тануға болады. Қайталанбас ерлік емей, немене бұл!

Кешегі Ұлы Отан соғысында Совет Одағының Батыры атанип, өңірлеріне Алтын жүлдyz қадағандар Қазақстанның өзінде бірнеше жүздел саналады. Олардың дені осы жоғары

атақты жасаған бір гана ерлігі үшін алғандар. Ал "Данқ" ордендерінің толық иегері атану үшін қанша рет ажал аузына барып, қанша дүркін батырлығыңды таныту көрек екенін Шүкір Таңатарұлының үрыс далаларындағы шайқастарына назар салғандар аңғармай қалмайды. Ақиқатына жүгінсек, оның ербір ерлігі Совет Одағының Батыры атағын алуға лайық. Бул жерде мениң жоғары атақ алғандардың биік беделдеріне нұксан келтіру, дәрежелерін тәмемдешту пигылым мұлдем жоқ.

"Данқ" орденінің қоладан, күмістен және алтыннан құйылған үш дәрежесі Алтын жүлдэзбел тең екенін бәріміз білеміз. Мұның сыртында Шүкір Жоғарғы Бас Қолбасшының бүйіркітірімен 8 дүркін алғыс алған жауынгер. Сол сегіз алғыстың алғашқысын "Данқ" орденінің үшінші дәрежесіне ұсынылған күннің ертесіне, яғни 1944 жылғы маусымның 25-інде Проня өзеніндегі жаудың бекінісін бұзып өтүдегі аса құнды әскери қызметі үшін алған. Бұдан кейінгі екінші алғысқа маусымның 28-інде Днепр өзеніндегі жау бекінісін талқандап етіп, Могилев, Неклов, Быков қалаларын немісбасқыншыларынан азат етудегі әскери батыл қымылдары үшін ие болды. Сондай-ақ Неман өзенінен өтудегі, Берлин қаласын, Бранденбург қақпасын алушадағы ерен ерліктері де Жоғарғы Бас Қолбасшының алғыстарымен бағаланды. Соғыстан кейін ауылға оралғанда "Данқ" ордендерінің үш дәрежесімен қоса оның өнірінде "Варшаваны азат еткені үшін", "Кенигсбергті азат еткені үшін", "Берлинді алғаны үшін", "1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін", "Ерлігі үшін" деген медальдары, "Ұздік барлаушы", "Ұздік артеллерист", "Гвардияшы" деген белгілер де тағулы келді. Ол "Данқ" ордендерінің толық иегері атанған 35 қазақстандық барлаушиның бірі. Шүкірдің ерліктері жайлы сол кезде газеттерде 28 рет мақала шыққан. Соның біріне "Қазақтың ержүрек ұлы" деп тақырып қойылыпты.

Соғыстан кейін демекші, батыр барлаушы, гвардия старшинасы Шүкір Еркінов майдан даласынан бірден ауылға кайтқан жоқ. Ол екі жылға жуық Архангельск қаласы маңында әскери қызметін жалғастырды. Тұған жерге 1947 жылы ғана оралды. Үлкен өмір мектебінен еткен Шүкірдің елге келгеннен кейінгі басты мақсат-мұддесі оқып, белгілі мамандық иесі атану болады. Заң қызметкері болуға бекінеді. Осы ойын жүзеге асыру үшін облыстық партия комитетінің жолдамасымен қазіргі Алматыдағы заң институтына окуга түседі. Өкінішке орай, талапты жастың асыл арманы орындалмайды. Шүкір Таңатарұлы үрыста тоғыз рет жаралы болулы. Соғыс салған сол жарақаттар асқынып, келденең сырқат тағы жағаласып, ақыры оқуын әрі қарай жалғастыруға бөгет жасайды.

Оқудан Атырауга қайтып келе жатып, Шүкір Ақтөбе ержүрек

педагогика институтында оқып жатқан Рахметжан Бақтияровқа соғады. Рекен қазір Балықшы ауданының Тендік ауылында тұрады, дербес зейнеткер. Бүгін осында мерейтойға қатысып отыр. Ол кісі сол бір кездесу туралы бізben өңгімесінде былайша еске алып еді: "Шүкір Ақтебеге поезбен келді. Бектенов Иманқожа деген ағамыз оқуын тастап алып келе жатыр екен. Өте жүдеп кеткен. "Батыр жауынгер ауыра ма екен" деп өзілдегенімде "Ой, Рахметжан-ай, біз не көрмедік. Бірде барлауға шыққанымызда бір апта бойы жау коршауында қалдық. Азық-тулігіміз әбден таусылды. Үстімізден ұшақпен тастаган тағамдарды немістер снарядпен атқылап, жойып жіберіп тұрды. Қол созым жердегі нанды алып жей алмайсың. Қозғалсаң болды, жау мергендері қағып түседі. Гажапты қара, ақ қайынның қабығы шайнай берсе нәр болады екен. Мұздың үстінде де тәуліктеп жаттық. Денеміздің қызынан мұз ойылып кететін. Бірде Днепрден өтер кезімізде таң қараңғысы болатын. Қайығымызға жау снаряды түсті. Толқын өуелете кетеріп апарып қайта жібергенде аяғым қара жерге тигендей болды. Мойнымдағы асулы мылтығым жоғалмапты. Есім кіресілі-шығасылы. Үстім малмандай су. Тапсырма бойынша келесі жағаға шыққан соң оқ шығарып, атып жатырмын. Мен атқаннан кейін жағадағы немістер де атып, жау бекінісінің қайда екені белгілі болған. Оны тез талқандаған біздің өскерлер өзеннен етіп, немістерді ілгері куды. Осы сұққ, аштық, көрген қындықтар ақыры тубіме жетуге қалды," -деп жүзі сынық Шүкен өңгімесін аяқтап өді-ау".

Елге келгеннен соң Шүкір Таңатарұлы тесек тартып біраз жатады да 1949 жылғы қаңтардан тамызға дейін облыстық қаржы белімінің салық жинау белімшесінде аға тексеруші болып қызмет істейді. Алайда, айналдырған құдай алмай қоймайды дегендей сол жылғы қыркүйектің 22-сіндегі есіл ер қылышындаған 25 жасында өмірмен қоштасады.

Иә, ер өлгенмен, оның аты өлмек емес. Шүкір ерте көз жүмғанменен мәңгілік бақытын жасап кеткен тұлға. Оны еске алып жоқтайтын артында елі бар. Өзі өмір ұлағатын беріп кеткен бүкіл Атырау ардақ тұтар Орынбасар Таңатарұлындағы, Ескендер Таңатарұлындағы інілері, Балжан Таңатарқызындағы қарындасты бар. Қаумалап келер ағайындары, дос-жарандары бар. Кейінгі үрпактар оның ерліктерін бойтұмар етіп ардақ тұтып келеді және тіршілік барда ардақ тута береді. Есімін мақтан етіп, мәңгі есте қалдырып отыр. Батырдың туған жеріндегі бұрынғы Орлықөл орта мектебі, Атырау қаласындағы, Миялы, Жасқайрат селоларындағы бір-бір көше Шүкір Еркінов есімімен аталады. Облыс орталығындағы мұнайшылар мәдениет үйінің алдындағы орналасқан демалыс паркіндегі мәңгілік алау жаңында орнатылған мөрмөр тақтага атағы қашалып жазылды. Облыстық тарихи-өлкетану мұражайында



Шүкір облыстық қалалық
қаржы басқармасындағы
жолдастарымен бірге



Батыр майдандастарының
ортасында



Агасы Шүкірдің
кітелін киіп
түскен інісі
Орынбасар (оң
жақта бірінші тұр)
және оның
жолдастары
Мұқанов Сайпол,
Тілегенов Төлеп,
Қаламғалиев
Қайнолла.
1947 жыл.





Iasi Orynbasар
делегаттар арасында

XVI съезд Компартии Казахстана
Алма-Ата, февраль 1986 г.



Делегаты XII Съезда Компартии Казахстана
Гурьев 1966 г.



Мұхтар Шаханов, Әсет Бейсеуов, Әзілхан Нұршайымқов,
Фариза Оңгарсынова, Шеміл Әблітбаев Балықшы ауданында



Әбдіжәміл Нұрпейісов, Зейнолла, Сауле Қабдоловтар,
Хамит Ерғалиев облыс басшылары арасында.

Батырдың туыстары Бүрек күмпүнде





Еркін атанаң келіндері
Зейнеп, Жаңылсын.

Інісі Орынбасар және
оның отбасы





Орынбасардың космонавт П.Р. Поповиччен кездесүі



Тұған інілері Ескендер, Орынбасар және қарындасты Бұлжан.



Орынбасардың Шүкір
атты немересі және
оның зайыбы Айнагул,
шөбересі Сәуле.

Атырау қалалық
саябагындағы
ескерткіш тақта



ержүрек барлаушының кеуде мұсіні мен құжаттарына өдейі орын берілген. Енді міне, ез атымен аталатын мектепте майдандағы батырлығы мен батылдығын, әмір жолдарын баяндайтын жәдігерлер топтасқан арнайы мұражай ашылды. Жыл сайын батырдың есімімен аталатын түрлі спорт жарыстары етіп келеді. Бірнеше үжым оны өз қатарларына құрметті мүше етіп қабылдады. Биыл Қызылқоға аудандық әкімшілігі батырдың туғанына 70 жыл толу мерей тойын атап өтуге қаулы қабылдап, комиссия құрып еді. Міне, сол шара жүзеге асып, салтанатты сәттің күәгерлері болып отырымыз. Өз ұлыларын қадірлей білмеген өзгелерді сыйлас жарытпайды деген бар емес пе? Ендеше, пендесінен азаматы көп, езінен ері артық елдің өнегесі мол, улгісі озық, таланы зор, тарихы елеулі. Ол елдің кешегісі ұмытылmas, бүгіні ортайmas, ертеңі шошытпас болса керек дейміз. Ерлікті елдіктің туы етіп кекке көтерген Шүкір Таңатарұлы Еркіновтей баһадүр батырларымызға көрсетілген бүгінгі құрмет есесі келешекте еселеп қайтады. Бұл өнеге өрісі, тәрбие тәрі. Осыны ұғына білген қызылқоғалықтарға, Еркіновтер үuletіне мың да бір рахмет! Кесегелеріңіз көгерсін, той тойға үлассын! Әумін!

<p>Бағдары жасынан дауынан</p> <p>Кодексінде 655 № Фамилия и инициалы</p> <p>Приказом Верховного Главно- командующего Верховца Совет- ского Союза товарища СТАЛИНА от 25 июня 1944 года Ваң объявление благодарности за отличные боевые действия при разгроме противника в районе реки Днепра и про- тивника в районе города Красногорска.</p> <p>СОЛДАТСКАЯ ЧАСТЬ БОЕВЫЕ ДЕЙСТВИЯ ПРИ ДНІПРОВСЬКІМ РІВІ ІІІ АРМІЯ</p>	<p>Бағдары жасынан дауынан</p> <p>Фамилия и инициалы</p> <p>Приказом Верховного Главно- командующего Верховца Совет- ского Союза товарища СТАЛИНА от 25 июня 1944 года Ваң объявление благодарности за отличные боевые действия при разгроме противника в районе реки Днепра и про- тивника в районе города Красногорска, Шахтерска. КОМАНДУЮЩИЙ БОЕВЫЕ ДЕЙСТВИЯ ПРИ ДНІПРОВСЬКІМ РІВІ</p>
<p><i>Сергей Иванович Еркинович ШАМ</i></p> <p>Фамилия и инициалы</p> <p>Приказом Верховного Главно- командующего Маршала Совет- ского Союза товарища СТАЛИНА от 31 июля 1944 года нашей части объявление благодарность за отличные боевые действия при форсиро- вании реки Неман и прорыве оборонных позиций.</p> <p>Справка: выдана Вам, как участнику боев при втор- жении в пределы Бранденбург- ской провинции, за отличные боевые действия приказом Вер- ховного Главно-командующего Маршала Советского Союза товарища СТАЛИНА от 31 июля 1944 года № 266 об объявлении благодарности.</p> <p>Справка: выдана Вам, как участнику боев.</p> <p>КОМАНДУЮЩИЙ БОЕВЫЕ ДЕЙСТВИЯ ПРИ ДНІПРОВСЬКІМ РІВІ</p> <p>Герой Советского Союза товарищ инженер Г. САВЧУК.</p>	
<p>Званье <i>Сергей Степанович Еркинов</i> Фамилия <i>Шаматиров</i> Имя, отчество <i>Шукір Макатиров</i></p> <p>Ваш, участнику боев при втор- жении в пределы Бранденбург- ской провинции, за отличные боевые действия приказом Вер- ховного Главно-командующего Маршала Советского Союза товарища СТАЛИНА от 31 июля 1944 года № 266 об объявлении благодарности.</p> <p>Справка: выдана Вам, как участнику боев при втор- жении в пределы Бранденбург- ской провинции, за отличные боевые действия приказом Вер- ховного Главно-командующего Маршала Советского Союза товарища СТАЛИНА от 31 июля 1944 года № 266 об объявлении благодарности.</p> <p>Справка: выдана Вам, как участнику боев.</p> <p>КОМАНДУЮЩИЙ БОЕВЫЕ ДЕЙСТВИЯ ПРИ ДНІПРОВСЬКІМ РІВІ</p> <p>Герой Советского Союза товарищ инженер Г. САВЧУК.</p>	

Батыр барлаушиның мерейтойы

Өткен сенбі күні Қызылқоға ауданындағы Халел Досмұхамедұлы атындағы асыл тұқымды қаракел қой зауытының орталығы Жасқайрат селосында "Даңқ" ордендерінің толық иегері Шүкір Таңатарұлы Еркіновтың туғанына 70 жыл толу мерейтойы етті.

Оған облыстың жер-жерінен, көршілес Батыс Қазақстан облысынан батыр барлаушиның туған-туыскандары, аудан шаруашылықтарының өкілдері келді.

Өуелі селодагы Шүкір Еркінов атындағы орта мектепте оның ерліктері мен өмір жолдарын баяндайтын мұражай ашылды. Бұдан кейін салтанатты шаралар "Шалқыма" мәдениет үйінде жалғасты. Мұнда "Ерлік - елге мұра, үрпакқа - ұран" деген тақырыпта батырдың өулетімен, жақын туыстарымен, бірге дәмдес болған адамдарымен кездесу болды. Кездесуді мерейтойды еткізу жөніндегі комиссия төрағасы, аудан өкімінің орынбасары Әділше Сәлімгерев ашты. Жергілікті ақын Бақытжан Қапашев "Ер Шүкір" деген арнау елеңін оқыды. Осыдан кейін әдебиетші, журналист Төлеген Жаңабайұлы батыр барлауши туралы баяндама жасады. Шүкір Таңатарұлының туыстары Сағидолла Жетпісалиев, Рахметжан Баҳтияров, бірге оқыған Жаниба Қазиханқызы, інілері Орынбасар, Ескендір Еркіновтер және басқалар естеліктерін айтты.

Кездесуге облыс өкімінің орынбасары Қадыргали Таңқиев, аудан өкімі Есенгелді Нұршаев қатысып, құттықтау сез сейледі. Батыр өулеттерін мектеп оқушылары да құттықтады. Кездесудің өнбойында мәдениет үйі көркеменерпаздарының шалқыган ән-күйі бір толас тапкан жок. Соңынан Ойыл ауылының өкімі Ұлдай Әйтішева мерейтой алдында өткен Шүкір Еркінов атындағы жүлдені женіл алуға арналған спорт сайысының жөнімпаздарына кубок пен ескерткіш сыйлықтарды тапсырды. Келген қонақтарға ауыл мейрамханасында Шүкірдің ағайын-туыстарының ас беруі жалғасты. Батырдың мерейтойы жүрттың жүргіне үзак сақталатындей, төлім-тәрбиелік мәні жоғары деңгейде етті.

А.ДОСҚАЛИЕВ,

**Ақтөбе облысының Ойыл ауданы
“Саралжын” кеңшарындағы Жамбыл
атындағы мектептің мұғалімі**

Ер есімі - ел есінде

Міне, мені алдында сыртында бейтаныс қолтаңба бар хат жатыр. Ептең қолыма алып қарасам көрші Гурьев облысының Балықшы ауданынан екен. Хат иесі аудандық партия комитетінің бірінші секретары Орынбасар Еркінов болып шықты. Ол “Данқ” орденінің толық кавалері, езінің туган ағасы Шүкір Еркінов туралы естелік жазып жіберілті, сейтіл, біздің етінішімізді қанағаттандырыған екен. Мектеп окуышыларына хат жазуға уақыт тауып, қолғабыс бергені үшін оған ризалық сезімін білдіріп, жауап жолдадық. Бұл будан бірер жыл бұрын болған еді.

Біздің Жамбыл атындағы мектептің қызыл ішілдері біраздан бері “Данқ” орденінің толық кавалері, марқұм Ш.Еркіновтың ерлік істерін баяндайтын деректер жинап жүрген. Оның інісінің жіберген материалдары біз үшін баға жеткісіз құнды нәрселер болды. Бұл материалдардан Батыр ағаның ерлік істерінің жаңа беттерін ашқандай болдық. Мұның да өзіндік сырьы бар.

Шүкір Еркінов 1924 жылы Миялы ауыл советіне қарасты бұрынғы Калинин атындағы колхозда туган (бір кезде Миялы селосы Ойыл ауданына қараган). Ол бастауыш білімді Орал облысының Қаратебе ауылында нағашыларының қолында тұрып алыпты. Одан кейін Миялыдағы Комсомол орта мектебінде оқыпты да, 9-10 кластарды Ойыл қазак орта мектебінде бітіріпті. Сондықтан да Шүкірді ойылдықтар өздерінің жерлесі санайды. Оның ерлік істерін қастерлеп, ардақ тұтады.

Ие, ел басына түскен қыншылық кезінде ол да қолына қаруын алып, кеппен бірге майданға аттанды. Мектептің үздік, тәртіпті, қоғамдық жұмыс десе құлшынып тұрган үздік окуышысы иығына солдат шинелін ілді. Мектеп қызыл ішілдері даңқты солдаттың жауынгерлік өмір жолынан біраз мәліметтер жинастырыды.

... Ол танкке қарсы соғысатын дивизион салында жүздеген шақырым жол кешті. Үрыста тапқырлығымен, дүшпан ойын

дөл болжайтындығымен ерекше көзге тұсті. Ерліктері үшін әлденеше рет командование марапатына ие болды.

... Жаз айының таңдай кептірер ыстық күндерінің бірі. Екі жақта кескілескен ұрыстардан соң қатты қалжырап тыным алған шағы еді. Қираган техника мен солдат өліктері шашылып жатыр. Сержант Ш.Еркінов мұнадай көңілсіз көріністерге көз жіберіп тұрган. Кенеттен дивизион командирі майор Чернокосовтың:

- Халдерің қалай, артиллеристер! - деген даусы естілді. Ол бойын түзеп, баяндауга ыңғайлана беріп еді, майор қажеті жок дегендей сыңай танытты.

- Жаман емес, жолдас майор!

- Жақсы десе жан сүйінеді, жаман десе жан күйінеді дей ме сіздің қазақтың мақалы, мен сендердің бүгінгі ұрыстарыңа ризамын, - деді ол.

Майор ертең совет әскерлерінің шабуылға көтерілетінін әскеррі. Жауынгерлерді ұрысқа дайындау қажеттігін айтып, кетіп қалды.

Таң енді ғана жарық беріп келе жатқан шақ еді. Совет артиллеристері жау позицияларын атқылай бастады. Ш.Еркіновтың бөлімшесі осыны ұтымды пайдалана отырып, жау бекінісіне таялып келеді. Оқ ату басылған кезде, фашистер бекінген траншеяға лап қойды. Ол үш бірдей неміс фашист солдатының үстінен тұсті. Кетер қолыңды деуі мұң екен өлгілердің біреуі қаруна жармасып, мұны атып салмақ болды. Шүкір қас қагымда екеуін қатарынан жайратып, үшіншісін тұтқынға алады. Сейтіп, жау шебінің тас талқаны шығады. Ұрыс үстіндегі бөлімше жауынгерлерінің ерлігі жоғары бағаланып, наградалар тапсырылды. Шүкір өніріне үшінші дәрежелі "Даңқ" ордені тағылды.

1945 жыл. Польша жерінде қанды айқастар жүріп жатты. Шүкірді дивизион командирі шақырып алып, ерекше тапсырма береді. Олар алдағы ұрыстарда совет әскерлері жүретін тұсты бөлиллеуі керек. Оның қасына үш барлаушы қосылады. Бұл аса жауапты, әрі ауыр тапсырма болатын. Өйткені, жау бекінген тұс миналанған әрі бекініс шебі мықты болатын. Оның үстінен, біздің әскерлер жүретін тұска мергендерден тоқсауыл койып, қалт еткенді қағып тастап отырды. Олар ете-мете сак қимылдап, жау шебіне таман келді. Мұны байқап қалған фашистер оқ жаудырып, алға аттаптай қойды. Бірақ олар жаудың қай тұстан, қандай қарумен оқ атып жатқанын андып жатыр еді. Оқ несері саябырлаған кезде барлаушылар фашистердің бес мергені отырғанын байқап қалып, тұтқылдан бас салады да, табанда бөрін құртып жібереді. Одан соң мина төсөлген алаңды тазартады. Сейтіп, біздің жауынгерлердің фашистер позициясына шабуыл жасауына жол ашады. Барлау тапсырмасын орындаудағы тапқырлығы

мен ерлігі үшін Шүкірді екінші дәрежелі "Даңқ" орденіне ұсынады. Осы жолы ол партия қатарына етеді.

Сол жылдың 28 апрайлі. Совет әскерлері фашистерді тықсыра қыуп келе жатқан кезі. Нетижелі басталған шабуылды одан ері ерістете тусу мақсатында жолдағы Күшков деревнясын да жаудан тазарту міндеті қойылған еді. Бұл тапсырманы орындау Ш. Еркіновтың бөлімшесіне жүктелген. Олар ойда жоқ жерден фашистерге тап береді. Жау бекініске айналдырган үйге Шүкір байқатпай кіріп алып, қаннен-қаперсіз отырган 25 солдат пен офицерді түгелдей қару-жараптарымен тұтқынга түсіреді. Осы жолғы үрыста жаудың 150-дей адамы жойылып, 50 шақтысы тұтқынга алынады. Фашистермен жекпе-жекте жеке өзінің ерекше ерлік пен тапқырлық көрсеткені үшін оған бірінші дәрежелі "Даңқ" ордені берілді.

Шүкір Еркіновтың майдан даласындағы осындай ерлік істері кімге де болса улгі боларлық. Ол өз Отанын фашист басқыншылардан азат ету жолында талай рет қан текті. Бірақ, оған мойымастан қас жауымен батырга тән қайратпен алыса білді. Отан қорғау жолында денсаулығынан айрылып, дүниеден ерте етті.

Ер есімі - ел есінде. Біздер, ойылдықтар бір кезде өз топырағымыздан тәлім алған Шүкір Еркіновтей батырды мақтаниш етеміз.

**ПОБЕДА
ПОД МОСКОВОЙ!**

**ЗАЩИТИМ РОДНЮЮ
МОСКВУ**

Кавалер ордена Славы трех степеней

ЕРКІНОВ ШҮКІР ТАЛАТАРОВИЧ

И КАЗАХСТАНЫ В БИТВАХ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ

Шүкір Еркінов турағы жазылған
ер түрлі басылымдардан

Қуандыл ЖҰМАЛИЕВ,
Қазақстан Республикасына еңбекі
сіңген қызметкер, Атырау
облыстық тарихи-өлкетану
мұражайының директоры

Мәңгі жасар жиырма бес

1460 күн мен түннен астам уақытқа созылған, өлім мен өмір арпалысқан, аңырап аналар, сыңсып жұбайлар, ботадай боздал сәбілер қалған, Жер-Ана қанға бөгіп, ыңырысған, елді мекендер күлге айналып, түрғындары аза мән Қазага ұшырап, туған жерінен босқан, харық дүние астан-кестен болып қатығез соғыстың түтініне тунышқан, туған жерінің бір уыс тоырағы бүйірмай бұл пәнніден еткен, тірілери мүгедек болып еліне жеткен Ұлы Отан соғысының аяқталғанына да 50 жыл - жартығасыр болып қалыпты.

Туған елімізді жаудан қорғауға біздің Атырау облысының өрбір алтыншы түрғыны, немесе 42508 азаматы соғыска аттанып еді. Солардың үштен бірі - 13287-сі соғыста қаза тауып, 29221-і фана елге оралды.

Үш мың жылдық тарихы бар қазақ халқының Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгерлері батыр бабаларының ерлік дестурін азаматтық, арымен жогары үстап, елін қорғаудағы ерліктің тенденсі жоқ үлгілерін көрсетіп, бүкіләлемдік соғыстар тарихына өз есімдерін алтын өріппен жазып қалдырыды. Оған дәлел соғыстағы ерен ерлігі үшін 500-ге жуық қазақстандықтар Совет Одағының Батыры атағын алса, олардың 9-ы біздің облысымыздан. Ал 137 қазақстандық жауынгерлер "Даңқ" ордендерінің толық иегері болса, олардың ішінен төртеуі Атырау облысынан.

Солардың бірі "Даңқ" ордендерінің толық иегері, жерлесіміз Еркінов Шүкір Таңатарұлы 1924 жылы қыркүйек айының соңғы онкүндігінде қазіргі Қызылқоға ауданының Ойыл ауылдық кеңесіне қарасты Дәулетиман елді мекенінде туған.

Шүкір бастауыш мектепті Батыс Қазақстан облысы Қаратебе ауданының Саралжын ауылында бітіріп, 5-7 кластарды бұрынғы Қамыскөл, Сулықөл мектептерінде оқып, 8-10 кластарды бұрынғы Кекжар, қазіргі Ойыл селосында 1942 жылы үздік бітірген.

Он сегізге толмаған Шүкір 1942 жылдың 18 тамызында ескер қатарына алынып, аз уақыт Бұзылық қаласында ескери дайындықтан өтеді де, 1943 жылдың шілде айында батыс майданының 222-ші Смоленск атқыштар дивизиясының 43-ші жеке езі жүретін артиллериялық танкаға қарсы жойғыш дивизионының барлаушысы болып соғыска түседі.

Бұл ескери белімше 1944 жылдың сөуір айынан бастап II-ші Белоруссия, 1944 жылдың қазан айынан бастап I-ші Белоруссия майданының құрамында соғысады. Даңқты жерлесіміз осы белімшеге енген Ленин орденді 10-шы дербес гвардиялық Суворов орденді Қызыл тулы Чернигов атқыштар бригадасының құрамында тәндесі жоқ талай ерліктер көрсетті.

Шукір Еркінов 1944 жылы 24 маусымда Проня өзенінен өтерде елеусіз барып неміс траншеясының оқату үясына еніп, ол жердегі үш немістің екеуін өлтіріп, біреуін тұтқынга алады. Осы ерлігі үшін ол 1944 жылы 5 шілдеде "Даңқ" орденінің үшінші дәрежесіне ие болады.

1945 жылы 19 қантар күні Тамышув қаласы түбіндегі шабуыл кезінде жолды миналап жатқан немістің бес адамнан тұратын торуылын құртып, дивизионның ілгері жүруіне жол ашады. Осы ерлігі үшін "Даңқ" орденінің екінші дәрежесіне ие болды.

1945 жылы 28 сөуір күні Күшков деревнясы үшін болған соғыста жау орналасқан үйге жалғыз өзі сездірмей кіріп, сол үйде ішінде бір офицері бар 24 немісті тұтқындалап, өз бөлімшесіне өкеледі. Бұл ерлігі үшін 1945 жылы 15 мамырда "Даңқ" орденінің бірінші дәрежесіне ие болады.

Зерделей қарасақ, жерлесіміз бас-аяғы он бір айдың ішінде тәндесі жоқ ерліктер көрсетіп, "Даңқ" ордендерінің толық иегері болған. Бұл - соғыс жағдайында жаумен бетпе-бет келетін, артынан көмек күтуге мүмкіндігі жоқ ескери барлаушылардың кез-келгенінің қолынан келмейтін төтенше ерлік.

Батыл барлаушы соғыс жүріп жатқан - 1944 жылы мамырдың 25-інде, 28-інде, шілденің 31-інде, 1945 жылы қаңтардың 31-нде, мамырдың 2-інде атап айтқанда, бір жылдың ішінде бес рет, соғыстан кейін екі жыл ішінде үш рет, барлығы сегіз дүркін Жогарғы Бас Қолбасшының өз қолы қойылған бүйіркіштермен алғыс алған. Ерліктерін паш ететін "Озат барлаушы", "Озат артиллерист", "Гвардияшы" құрметті атақтарына ие болды.

Жерлесіміздің ерлік істері туралы майдандық, республикалық, орталық газеттерде 28 рет мақала жазылған. Олардың бірқатары батырдың анасына, оқыған мектебіне жіберілген.

Бірақ, біздің бүгінгіміздің ертең тарихтың шежіресі болатындығын біле тұра оған мән бермейтін, үрпақ алдында Қылмысқа тең бойкүйдегіміз бар. Соның кесірінен кезінде Қолға түскен, батырдың ешбір есірелеусіз ерлік шежіресін шерткен құнды жәдігерлер бүгінгі үрпақтың қолына жетпей

қалып отыр. Қазір зерттеушілердің қолында Шүкір Еркіновтың майдандық гұмырнамасын қаз қалпында толық жазатындей деректері ете аз. Бар болғаны оны наградаға ұсынған ұсыныстардан, алғыстардан, медальдардан басқа ешқандай деректер жоқ. Батырдың ерлік істерінің нақты деректерін жинау ісімен ғылыми тұрғыда ешкім айналыспаған. Даңқты барлауши туралы марқұм Қожахмет Ізімбергеновтың жер-жерге хаттар жазу арқылы жинаған аздаған деректері батырдың ерлік істерінің толық мәліметін бере алмайды.

Бул жұмыспен батыр барлауши туралы деректерді Қожахмет Ізімбергеновтен қабылдап алған Атырау облыстық тарихи-өлкетану мұражайы айналыспаған. Керек десеңіз, батырдың жеке ісіндегі жәдігерлік құжаттар реттелмеген, гұмырнамасы жазылмаған, бар деректердің өзі зерттеліп, пікір айтатындей белгілі дарежеге келтірлмеген.

Міне, бұған даңқты барлауши Шүкір Еркінов 70 жасқа толар шақта оның туған жерінде мемориалдық мұражай ашу жұмысын қолға алғанымда бізден бұрын мұражайда қызмет еткен жауапсыз қызметкерлердің салғырттығы шектен тысқындықтарға кездестіріп, реніш туғызды.

Мемориалдық мұражайдың экспозициялық жәдігерлерін жинап, жасап болу мерзімі бір жұмадан артық уақытты көтермейтін болды. Осы жағдай үтті болса да мені батыр барлаушиның туған інісі, ұзак жылдар облысымыздың басшы қызметкерлерінің бірі болған Орынбасар Еркінов ағамызға апарды. Рахмет, ағамыз қолында барын аяған жоқ. Орынбасар Таңатарұлы жеке қорынан ағасы Шүкірге байланысты 40-ка тарта мұражай үшін жәдігерлік құнды деректер, фотосуреттерді берді. Олардың ішінде аса құнды - Ақтебе облысы Қобда аудандық әскери комиссарының Шүкір Еркіновтың армия катарына шақырылған уақыты қөрсетілген анықтамасы, Қазақ ССР Министрлер Советінің Ш.Еркінов оқыған мектепке оның есімін беру туралы қаулысы, Атырау облыстық мемлекеттік архивтың Шүкір Еркіновтың соғыстан кейін облыстық қаржы бөліміндегі жұмыс істеген уақытын қөрсеткен анықтамасы, облыстық партия комитетінің Шукірді оқуға жіберген жолдамасы, соғыс кезінде алған тәрт алғысының түп нұсқасы, 1947, 1948 жылдары Шукірдің жолдастарымен түскен фотосуреттері сияқты бағалы жәдігерлер бар.

Бұған қоса Еркіновтер өүлетінің ата тегінің шежіресін қағазға түсірдік. Батырдың тұма-туыстарының, нағашы жүртішінің кім екендігін білдік. Даңқты барлаушиның согыска дейінгі және одан кейінгі өмірінен көптеген деректер алдық. Сол сияқты Шукірді білмейтін, онымен қызметтес болған, қазір арамызда журген біраз азаматтар туралы дерек алдық. Бул болашақта Шүкір Еркіновтың біз білмейтін, қағазға түспеген

ғұмырнамасына қажетті деректерді жинауға біраз мүмкіндіктер туғызатыны сөзсіз.

Осылай жасалған жұмыстардың нәтижесінде батыр барлаушының мемориалдық мұражайына қажет деп табылған 65 жәдігерді сұратып, экспозиция жасадық.

Атырау облыстық тарихи-өлкетану мұражайы үстіміздегі жылдың маусым айында Миялы селосында ғұлама ғалым Х.Досмұхамедұлының өмірі мен шығармашылығын толықта жуық қамтитын жүзге тарта жәдігерлер қойылған мұражай экспозициясын жасаған еді. Ал, содан кейін екінші - өткенде Тайсойған мен Бүйректің топырағында дүниеге келіп, екінші дүниежүзілік соғыстың жауынгер-батырларының бірі Шүкір Еркіновтың туып-еоскен мекенінде мемориалдық мұражайының ашылуы облыс емес, қазақ мемлекеті үшін абырай, қазіргі және болашақ үрпаққа өнеге, Отаны үшін отқа түсіп, өмірдің қызығын көре алмай, артына үрпақ қалдыра алмай өмірден қыршын кеткен Шүкір сияқты жұз мыңдаған боздақтардың аруактарына жасалған тағзым мен ілтипат, солардың арқасында фашизмнің құлдығынан аман қалған қазіргі үрпақтың қасиетті парызы. Өткен үрпаққа кейінгі үрпақтың берер борышы бойлай да көп болады. Бұл сол борыштардың кеш те болса істеліп жатқандарының бірі.

Әруағың риза болғай, Шүкір аға! Егер Сіз тірі болсаңыз жетпіс деген ғұмыр тауының жетінші шынының үшар басынан өзініз жасаған, бір пендениң пешенесіне сыймайтын ерлігіңіз бен елдігіңіз туралы Азаматтық ар атты дастанды үрпағының санасына өз даусыңызben құйып тұрған болар едіңіз. Амал қанша, сіздің өз даусыңызды естуді тағдыр бізге жазбапты. Жылдар жылжып өткенмен Сіз сол баяғы 25 жастасыз. Өмір атты табиғаттың Заны ардақты улын қартайтуға қимай взамат ғұмырының ең ғажайып кезеңі 25 жасқа өкеліп, мәрмер тасқа мәңгілікке тұратын етіп жаздырып қойды. Мұны өзгереттін күш дүниеде өлі жаратылған жоқ. Жиырма бес жаста сөнген жалыныңнан "Мәңгілік алау" оты нәрем алып, есімінді мәңгі сөрдірмесін! Жанарыңнан жалын атқан жиырма бесінде мәңгі жасай бер! Жасай бер мәңгі!



МӘҢГІ ЕСТЕ САҚТАУ ҮШІН

Мектеп:

1. Атырау облысы Қызылқоға ауданы Жасқайрат ауылындағы орта мектеп Шүкір Еркінов атымен атадан.

Көшелер аты берілген:

1. Атырау қаласында;
2. Миялды селосында;
3. Жасқайрат ауылында;
4. Ақтөбе облысының Ойыл селосында.

Ескерткіш кеуде мұсіндер қойылған:

1. Атырау облысының тарихи-өлкетану мұражайында;
2. Қызылқоға ауданындағы Шүкір Еркінов атындағы орта мектепте.

Мұражайларда:

1. Атырау облыстық тарихи-өлкетану мұражайында батырга арналған мүйіс ашылған;
2. Қызылқоға ауданындағы Шүкір Еркінов атындағы орта мектепте арнайы мемориалдық мұражай жасақталған.

Ескерткіш тақталарға аты жазылған:

1. Мәскеудегі “Тағым тауындағы” алып мәрмәр тақтадағы батырлар қатарында;
2. Атырау қаласының демалыс саябагындағы өзіне гана арналып қойылған бөлек мәрмәр обелиск-тақтада;
3. Ақтөбе қаласындағы батырлар аллеясында;
4. Атырау қаласындағы мұнайшылар саябагында.

Женіс! Женіс! Таныттың да ірілікті,
Сөндендірдің, мәндендірдің тірлікті.
Адамзатқа аманаттап тапсырдың,
Бостандықты, берекетті, бірлікті.

Нұралы ӘЖІАЛИЕВ.

ХАЛҚЫМА ҚОРҒАН БОЛСАМ ДЕП...

(Естеліктер)



Офицеръ на войне, симъ ищет
отвѣтъ избѣжанія отъ грозы мечети
и вѣтра. Но вѣтъ вѣтромъ, а мечеть —
то не Божіе. Погибъ, но не погибъ
онъ какъ народъ этого мира.

И. СТАЛИНъ

ТОВАРИЩУ

Въ прошлой моей части Вы прошли сквозь
блажь сутки. Страна болезненна, слушаючи
Родину, членами нации, народъ Вы, начальни-
кими боевыми подраздѣлами, покоряли-мечты и
рекиные стечи-полубреги.

Боялись вы переполненіе обиженъ нации.
Сокрытъ склонъ, разбросъ, пары, прѣсторонъ подъ
землю. Всемъ Европѣйскому, и Вамъ же членамъ
въ первыхъ рядахъ твоихъ, когдѣ избѣжаніе
отъ кардинальной чумы, отъ чумы умира-
тии. Вамъ земной-подънѣніе не избѣ-
детъ Родину.

Въ этомъ положеніи рискии звонъ, отрывъ отъ
дома — не падежъ. И падежъ! К падежу не
примѣтъ СТАЛИНЪ!

Съ любящимъ здѣшнимъ русскимъ, съ любящимъ
реками и обѣдниками!

Симъ познаніемъ народъ-братья, Родина любитъ!
Прощаючи въ харacterіи, якою-то зем-
ной... — земнойю константъ, гибнущими-
Симъ познаніемъ Симъ познаніемъ СТАЛИНЪ!

Школьная часть

Бернесамъ
Оригинальчу Шульгу
Калачевору

Въ симъ-помощника симъ-
ниже съ пожеланіемъ-
и поздравленіемъ. Вы симъ
Бывшими подраздѣлами пружин-
ными склонъ-ночью, гвар-
дейскими солдатами, славу
заслуженіемъ оружия. Да же-
баки! Родину съ именемъ

заслуженнымъ национальнымъ Героемъ, заслуженнымъ Симъ-
девянико Столину Вы шахъ-бий и победили сраженіе въ
вашемъ пра-го.

За отвѣтъ боевыхъ действий въ борьбѣ съ врагомъ, за чест-
ную службу своей отчизны, заслуженіе зодчаго симъ
ЯВАЕШЪ ВАМЪ БЛАГОДАРНОСТЬ. Симъ-Васъ, якою
проверю, за ваши славные военные дѣла.

Въ чисто-чистомъ передъ Родиной свой долгъ и миссію
вызираете въ ряды дѣлъ, въ семъ, въ мирную пору
Мы ищемъ земли Вамъ и Вашимъ семье защитника въ дни
твоихъ жизней, симъ-вѣдомъ и родите.

Симъ-сюда къ спасенью или вѣдѣ на колесахъ твои, симъ
беззаботный рабочий на благо нашей Родины
результатъ-изобрѣтателя нашей Родины, покоряющу вѣтъ
и реки-чума и роскошнѣе вѣсны. Симъ-сюда
— ЗЕЛЕНЫЙ БЫШІВЛІВІОНІТЪ ЗОБЕРІСО.
Симъ-сюда Симъ.

Уѣзжай-забудь!
6/7/46г. /В. Федоровъ/ Талисманъ. Чубъ. Собольчикъ.
Медведица. Медведица
Шульга. Ослепогъ. (Легенды).
Денегами!

Рахметжан БАҚТИЯРОВ,

Атырау қаласына қарасты Тәңдік ауылышында тұратын зейнеткер,
Қазақстан Республикасының халық агарту ісінің үздігі, батырдың туысы

Бітімі бөлек тұлға еді

Әдетте, ойға салып қарасақ, адам өмірге бірде қонақ, бірде қожа. Адам болған соң өмірге қонақ болғанинан гері қожа болғанға не жетсін?! Жер бетінде тіршілік бастау алғаннан бермен қарай бізге екеуін де қатар бүйіртқан. Дегенмен қонақтыққа қарағанда Алла тағала қожалықты аз сыйлаган. Оны өріге бармай-ак, өзіміз көрген, араласқан үрпақ өкілдерінің тыныс-тіршілігінен, еткен ізінен өбден көруге болады.

Біздің атамекеніміз Қарасу, Ойыл, Қуройл бойларын, Ералы өзегі мен Сұлықөл, Жайнақ қажы жүртyn, Бекқожа шағылын, бұларға жапсарлас жатқан Кекмешіт, Барнық көлі, Жаңғызышағыл, Сұлысор мен Қитар тебесін, Мырзагали, Бекқұлы отарларын мекендеген Қара, Байжіріт, Атысқан, Есеке-Жиембет үрпақтары қонақтықты да, қожалықты да бастан кешіп, көріп бағыпты-ау. Тіршілік әлі сол бағытпен жалғасып келеді, алға асып барады. Баріне де екі аяқты пендеге тән қуанышын да, қайғысын да насіп етуден жазбалты. Оны көрмеске болмайды, көнбеске тағы шара жоқ. Еркін ағамның тұңғышы, ел басына күн туганда кеудесін оққа тосқан батыр үл Шүкірдің де маңдайына өзінен бүрынғы бабалары мен агаларының пешенелеріне жазылған жазылышты. Бүгін сол еске түсіп отыр. Шүкірді ойлағанда бүкіл туган жер келбеті, ескен өнір, балалық бал дәурен, ауылдағы ардақты агалар мен апалар, барша туыстар, дос-жарандар кез алдыма келді.

Өзім 1927 жылы Саназар атасы Тоқтабай белімінің бір үрпағы болып өмірге келіппін. Фасыр аяғында өзімнен үлкендердің денінен кез үзіп, айырылып, ата жасына жетіп, енді келесі XXI ғасырға аяқ басып отырмын. Көрген қызығым да, шеккен бейнетім де аз өмес. Өзіміз ыстығына көнген, сұғына тоңған, жусанының түбіріне сүрінген, ауа көшкен ел, есінен танған азаматтардың жүртynда қалып, өмір тарихының қайта тіршілікке енген кезін көргенімізге шүкіршілік тілеп, үл туса баламыздың атын Шүкір деп қойып, ештеңеден күдер үзбеген, жартылай жетімдікке көндіге ескен үрпақпаз ғой.

Жиырмасыншы жылдардан қырқыншы жылдарға дейін созылған күғын-сүргін, аштық-жалаңаштық, елім-жітім тұстарында мың тіріліп, мың өлген буын екілдеріміз. Біріміз анадан, біріміз өкеден айырылып, біреулер жер ауып, біреулер түрмеге түсіп, атылып, айдалып кете барғанын, сүрініп-қабынғанын көріп өстік. Сейтсе де сол дауірді біріміз ұлығылап, біріміз қарғап, тіземіз бүтінделмей, жүрекке түскен жарамыз жазылмай ер жеткенбіз. Шүкір Еркінов те сол дауірді бастан кешкен ерен.

Шіркін-ай, ағалар асыл еді-ау. Ойға оралса толқының құшағына еріксіз енемін. Мақтымқұлұлы Мұхамбетжан қандай азамат еді?! Кешегі қанды соғыс атын өшірді. Бектен ағаның улы Иманқожа жетім өсіп, шүкір, артына үл-қызы қалдырып, бірақ олардың қызығын көре алмай, дүниеден тым ерте озды. Әжіғалиұлы Көшкін де Иманқожа көрген құқайды көріп, кейінгі тағдыры да соған үксады. Еркіннің улы Шүкір Ұлы Отан соғысының батыр жауынгері атагын 19-20 жасында иеленіп, елге сұрапыл соғыс қалдырган дерптен оралып, ақыры оның зорін денеге өткізіп, еңбекке деңдеп араласа алмай, өмірден екінішті аттанды.

Шын мәнінде, ел, ер, жер, су және туыс бір-бірімен сабактасып жатады. Бірінен-бірін беліп қарауға болмайды. Елді ер, ерді ел тудырады. Тайсойған-Миялы аймағы – киелі өңір. Саналы ерлік отбасынан басталады. Бұл алқап ержүрек батыр Исатайды, ғұламағалым, профессор Халелді, ақын Ығылманды, Мұратты, геолог Беркінғалиды, ұстаз-офицер Шүйіншқалиды және басқа да ондаған ғажайып тұлғаларды дуниеге өкелген. Ол жерден Шүкір сынды жүрек жұтқан батырдың шығуы ете орынды.

Біліктілік ескеруде, еңбектену мен шыдамдылықты, зерделілікті тудыратын тектілікте жатыр. Тектілік иесінің үасы – жер мен ел. Зерделілік пен ар-намысының иесі - ел өсірген Ер! Шүкір – ел ұлы. Елі ұлын сол себепті ұлығылап, есімін көкке көтереді. Отан соғысының сындарлы сынынан сүрінбей өткен Шүкір тек бір босағаның ғана ұлы емес. Беркінғали, Шүйіншқали, Ораз, Салық, Шәміл сынды аға үрпақ тұган жердің жемісі. Бабалардың тағылымынан нөр алған тәрбие мен ар-намысты қорғай білген біліктінің бірі. Шүкірмен екеуміздің балалық, аңғырттық шағымыз бірге өтті. Жудеу тірліктің жалынан үстап, Сулықөл, Сулысор, Жамансай жайлауларында тай, тайлақтың көзі жоқ кезеңде бұзауга мініп, ішіне тас салған сиыр жүнінен жасаған доп пен шұлдік ойнал өстік. Жандық жоқтықтан асық та зәру болатын. Ішкен асымызы Бизат, Құлман, Аман үйлеріндегі бір-бір сиырдың сүтін беліп, құйып ішкен талма шай. Ел сабан жиғаннан кейін пішен шабуға жұрт аударғанда Сулысордың қырындағы сүт желкегін, сүйрігі мен сарымсағын, Сулықелдің жидегі мен жуасын теріп жеуді өуестенген едік. Сол жер жемістеріне өуес балалардың ішінде

Шүкір таразы, етсіздеу денесімен, сұнғак бойымен, шешесі Рахима жеңешемнің күлкісімен, сергек қымылымен ерекшеленетін. Жемісті теруде керемет тапқырлық таныттын. Елгезек, ері үткір бала болды.

1933-1934 жылдары ел табаны аласалырданнан ес жинал, көзін аша бастады. Жүртта қалғандар бас қосып, колхозға кіріп, бірігудің алғашқы мезгілінде Саназардың ата қоныстарғы Есеке-Жилембет, Санар, Атысқан, Байжігіт балалары Сұлықел маңында "Сұлықел" колхозына топтасты. Сейтіп, аштық, дүрліге жер аударудан, жаппай кешуден қалғандар Сұлықелдің кең алқабын мекендерді. Жайнақ қажы, Бекқожа шағылына жапсарлас Сұлықелдің шығысын жағалай Есеке-Жилембет, Аймұрат, Құлмұрат, Ермұраттар, келдің батысын Оңай, Жаңай үрпақтары жайлап, қаздай тізілген мекен түргызды. Сол бір кешу, кашу кезені аяқталып, елдің орнығып, жартылай құлаған иесіз қоныстарды жендеп алып, кіру үрдісі басталғанда біз Айтқали, Ескендір, Шүкір төртеуіміз мектеп есігін көрмеген бала едік. Қазір біз де шалмыз.

Өлі есімде, келдің батысындағы Кенжеғали жұртын Есқали, Еркін үйлері мекен етті. Жылтыр, Қисма, Жаймагамбеттердің орындарына менің ағаларым Бақытжан, Нурмаш, Сисендер қоныстанды. Жайнақ қажы мен Бекқұлы жүрттарына Құсты балалары Даулетиман, Жұбанғалилар, Санар үрпағы Белібектер ие болса, Есеке-Жилембет мекендерін қайта түргызған Қадіргали, Қалымжан, Сәлмен молдалар еді. Осындай бірігу, колхозға кешу қазіргі Миялы, Кіндіксай, Қамыстықел, Жемеке қара сулары маңында да жүрді. Ұмытпасам Саназардың Үсен, Қожаберген, Өтеген үрпақтары "Шилісай" колхозына бірікті. Світіп, Саназар үрпақтары атамекен, туыстықтарын сактай отырып, екі колхозға топтасты. Екі ауыл Ақтөре қыстауындағы ашылған алғашқы мұғалімі Құлан Қарабаланың Салығы болған бастауыш мектепке балаларын оқуға бере бастады. Киіз қабымызды арқалап, дамбалшаң сынып есігін аштық. Шүкір, Мардан, Зиеден, Мақбоздар ес біліп, ағалығын сезіне бастаған түс болатын. Боранды күндері кіміміздің шешілген бауын байлап, тайып жығылғандарды үйге жеткізген алғі ересектердің алдыңғы сапында Шүкірді көретінбіз. Талай қамқорлығына беленгенбіз. Сол ілгерілеу дәүірінің бастауында колхоздар мен мектептер қатары толыға берді. N19 ауылдың кеңесіне, қарасты Қамыстықел, Кіндіксай, Миялы, Сұлықел, Шилісай өнірлеріндегі ұсақ колхоздар мен жеке ауылдардағы мектептермен қатар Тайсойғаннның шығысы мен Кенен еткелінің, Қамыскөл деген Жарыпшықканнның шебі шүйгінді, көркіті жерінен "Қамыскөл" жетіжылдық мектебі мен интернаты ашылды. Оған білімі терен Адай Науанов Аяпберген деген мұғалім басшылық етті.

Бұл мектептің салыну тарихының өзі бір хикая. Ілкі мұғалімдері шетінен іскер, ел қамын жеген, үрпақ келешегін ойлаган өрендер еді. Солардың бірі – агалары тәркілеуге ушыраған Беккұлының кеңже баласы Ораз Орынбор қаласынан гимназия бітіріп, Қызылордадан жоғары білім алып, өуелі Ойыл жақта қызмет істеп, Аяпбергеннің әсерімен, шақыруымен елге жақындаған келген беті болатын. Ораз мектепке мұғалімдікке кірісkenнен кейін туыстардың оку жасындағы балаларының біразын интернатқа жатқызып оқытты. Шүкір, Орынбай, Мақбоз, Бижан, Рамазан, Зиеден, Мәмбетжандар жетіжылдық оқушылары атанды. Осылайша ел етек-жөнін жия бастаған кезеңде қайдағы жоқ "халық жаулары" дегенді шығарып, күғын-сүргін басталды да кетті. Мектеп директоры Аяпберген Науанов тіпті түсіне де кіріп көрмеген "жалон агенті" деген атақ алып үсталса, Ораз Беккұлыұлы бай баласы, ал Шатаев Раҳметжан текті жуан жұдырық үрпағы болып мектептен қылды. Адам естімеген "Троцкийдің күшігі", "Молданың, саудагердің үрлағы" деген кепе-көрінеу жала атақтар қапталп кетті. Іштей дауыс шығармай жылау назалану ілгері талапты, талпынысты тұсал, ауыл-аймақты қайғы құшағына қайта бектірді. Не істерлерін білмәген бейқұна ағалардың сергелденге түсіп, сандалғанын көзіміз қеріп, құлағымыз естіді. "Сулықөл" колхозына жетекшілік еткен Бақытжан жазықсыздан жазықсыз басқарма төрагалығынан босатылып, "саудагер баласы" жау" болып танылды. Ораз Беккұлыұлы "жасырын жау", "тәркіленген байдың белтірігі" дөлінді. Есіл ақын, ұлагатты үстаз отырған үйінен қуылып, бала-шагасын шұбыртып барып, Тума Қосжан атаның петеріне өүпірімдеп азар басын жасырды. Бар қолжа забасын өз қолымен отқа өртеп, кешікпей асығыс ажалға ілесті.

Мектеп панасызы, інілер ағасызы, балалар жетім, виелдер жесір қалып, түсінкісіз бір тірлік басталды. Саяси курес бірлікке іріткі салды, туысты жат, жақынды жау еткен сүркия мезгіл еді ол. Ауыл-ауылдан мектепке жиналған балалар жан-жаққа тырымтырақай бытырады. Жетектен босанған ішкі үрпақтың бірі Ақтебе асса, бірі Жайық бойын жағалап кетті. Шүкірдің оку іздеген жолы Ойылла апарты тіреді. Арасында туған нағашыларының ауылы Қаратебе жақта да болып қайтты. Сол сапырылыстан кейін Шүкірді Ойыл бorta мектебінің ауласынан әскер қатарына аттанып бара жатқанда бір кердім. Сонда дене пішіні жинақты қалыпқа кешкен, жузі ашық, бетінде өзіне деген сенім соулесі ойнаған, отты жаңарлы ағаны қеріп қалғанмын. Қобда кентіндегі әскери комиссариатқа жүрер алдында елден тыскары пәс көңілде жүрген маған соғып, қоштасуға қайрат-жігер беріп, амандастып кетуге келіпти. Ніге деген ілтипат деп осындайды айтады екен-ау, қайран дүние-ай! Кетеріндегі:

- Раҳметжан, сау бол. Аман болсак, келерміз, ел болармыз, - дегені құлагымнан кетпейді. Маган сол сезі аманат іспетті есеп қалдырыды.

Шүкір ағам сынды азаматтар жауға қарсы үұрыска лек-лекімен кетіп жатты. Тұған жер тесіндегі жұмыстың бар ауыртпалығы қатын-баланың, жеңгелер мен қарттардың иығына түсті. Жазғы демалыс кезінде ауылға барып пішен шабуга, қарым-қатынас көлігін жүргізуге кемектесіп жүрдім. Елдегілердің бас көтерер еркек кіндіктері – ақсақ Қанат аға, әкпе аурулы Ығылман аға, ақсақалдардан Сисен, Құлман, Ермұрат аталар ғана, қайғыға белшесінен батқан дәрменсіз ежелер мен аталар да қолғабыс беруге құлшынады. Бірақ бойларында күш жок. Кездері жеудір қағады. Құдай сол жылдары біздің өңірдегілерге үлкен мырзалық жасады. Тасқын су өткелден ат өткізбеді. Көлдерде балық тайдай тулады. Егін бітік шықты. Үкімет астық сураса меселін қайтармасстан еселеп, керегінше берді. Шығанақ Берсиеев ақтарының атасы атанатын кез осы тұс.

- Бері де майдан үшін!

Осы ұран елдегілерге ерекше жігер берді. Миялы, Сулықел аймақтарынан соғысқа аттанған қайран ерлер мен ауыл арасындағы желі елден жіберілген астық, ет, жылы кім арқылы үзілмегендей сезімде жүрдік. Үйлердің көшшілігіне майданнан келген жамандықтың хабарындай "қара қағаз" қалтады. Ер азаматтардың дені аттанып кеткен босагаларын қайта айналып кере алмады. Отан үшін шейіт болғандардың қайғысы қиналтып, мандайдан терді, кезден жасты арлытпады. Қуаныштан гөрі қайғы жүгі салмақтырақ болды. Міне, осы жайттер олардың жігерлерін қайрап, төзімділік көрсетуге итермеледі. Майданға Шүкірден соғыс жылдарында, өйтепеір оқыс хабар келген жок. Оған да шүкір дедік, шүкірге тоймаган біз, ағайындар!

"Ұлы Отан соғысы" деген айдар тағып, берік кигізіп айтып жүрген соғыс дауірі талайды жалмал, бірқатарын ғана отбасы, ошак қасына оралтты гой. Оралғандарының өздерінің жеті мүшелері сауы некен-саяқ. Қашан да елдің атын ер шығарады. Сондай ерлердің бірі, тіпті, бірі емес бірегей – сез жок, Шүкір Еркінов еді. Ол да тұған жерге мандайы жарқырап, кеудесі ордендер мен медальдарға толып, жауынгерлік "Даңқ" оодендерінің үш дережесінің бірдей толық кавалері атанип, батыр болып оралғанымен үұрыс далаларында жабысқан дene дертін ілестіре келіпті. Ел абырайын, ез абырайын, әulet абырайын аспанға ауелете көтеріп келген ер ұлын бүкіл Тайсойған-Бүйрек енірі, Еркін ағаның босағасы шалқар шаттықпен қарсы алды. Жудей бастаған көңілге ол зор демеу болды. Ортақ қындықтың, жоқшылықтың қабырғасын сөгіп, отбасы "бергеніңе шүкір", - деп барын

дастархандарына қойып, думандата тойлапты.

Мен ол кезде Ақтөбе қаласында білім жолын қуып, үстаздық мамандықтың жалынан ұстауды армандал, өзімше օқып жүргенмін. Елдегі жаңалық хабарлар ауыздан-ауызға кешіп, шалғайдағы бізге де жетіп жататын. Шүкір, Шемен, Қашқын, Терегали, Қанаш ағалардың майданнан аман-есен оралғандарын естіп, "ұшарға қанат жок" жете алмай, қуанышымыз қойнымызға сыймағаны шындық. Алдағы кездесер күндерді кез алдыма келтіріп, армандашуыш едім. Ол бір қатынастың қыын кезі еді. Ақтөбеден Қандығаш, Шубарқұдық, Ойыл арқылы жаяу Миялыға жету нағыз қиямет-қайым, ит өлмestің жеріне жетумен тен. Жазда кенезегің кеүіп шелден, қыста үсіп өлу қыын емес. Жол сапарының ұзақтығы, өрі қалтаның тесіктігі өмірде бір рет болатын ерен салтанат – батыр Шүкірдің отбасындағы тойына баруға, онымен жүздесуіме кедергі жасады. Несіп етсе жолығысармын деп окуымды жалғастыра бердім.

Шүкір елге келген соң, қырыдан қайтпай қалған еке, сырқатқа шалдыққан ана, іні-қарындастарына, ауылдағы қайғылы отbastарына қайтсем сүйеу болам деп түн үйқысын төрт белгенді. Ақыры, біздің жақтағылар "Үйшік" деп ататын Гурьев қаласына барып, қызметке тұруымен оларға қол созбак болды. Уақыт оздырмай жогары білім алушы да ойластырган. Ой елгі арнаға түсіп, оқуға бару арманға айналды. Оның бүл мақсат-мүддесін мың болғыр жергілікті басшылар қолдан, қолына жолдама берді. Өзіне сүйсіне кез тіккен, шарапаты тиғен, ерлігін бағалаған облыстың партия, кеңес органдарының басшыларына раҳметін жаудырып, алас үрып Алматыға аттанды.

- Сен спортқа бейімсің, физкультура институтына жүр,-деп жеделдес інісі Иманқожа Бектенұлын да өзімен бірге астанаға ертіп кетті.

Алматыға бара жатқан жолында маган жазған хаттарын алып, заң институтына түсуге бағыт алғанын біліп марқайып қалғанмын. Болашақта замана жүгін көтеретін, ел қамын жейтін Шүкірді, зангерлік орында отыратын Шүкірді, құрметті жиын төріндегі Шүкірді көз алдыма әкеліп, жетімдік көріп, жарым көңілде жүрген жазған басым жүйрік қиялдың жетегіне ілескен. Ертеңгі ел тізгінін ұстар тұлғага лайықты серік болатын іні болсам дегенмін. Әттең-ай, бәрі босқа болып шыкты. Тағдыр өз дегенін істеді.

Асыл аға Шүкір Еркінвтың терең танымына, тұrlаулы талпынысына, асқар арманына өмір өз шымылдығын ұстап, шідерін аямастай етіп салған екен. Ойға алғанының барлығы арман күйінде түйікталды. Тайсойғанинан Берлинге дейінгі үзак жолдан да, қыын-кескі шайқастан да жасымаған жігерді соғыс жапсырған дерпт мықтап тұсады.

Ақтөбе ақпанының сүйік кешінде оқу залынан институтымыздың жатақханасына ішрлете оралсам, кіре берістегі құзетші:

- Белменде ағаларың келіп отыр,-деп куанышты хабар айтты.

Кустай ұшып, көңілім алабұртып белмеге кіргенімде арқасын кереуеттің бас жағына сүйеп, бетін жастықпен қалқапал біреу отыр. Жетіп барсам, Шүкір! Өз көзіме взім сенбедім. Жолай белмеде жатқан Шекір, Рамазан, Садулерге, сондай-ақ, Иманқожага қол беріп, амандасып үлгергенімді білемін. Ордендер мен медальдарға толы Шүкірдің омырауына мәндайымды сүйеп, қойнына еніп, мәре-саре болдық та қалдық. Шіркін-ай, сол сөттегі куанышты айтсайшы! Теніздей тасып еді-ау. Ұзак жүздеслеген екеуміз дүниеден өткен аталастарға - еке, аға, женге, іні, қарындастарымызға көңіл айтластан, өткенге салаут, алдан бақыт тілеумен қол алысып, сағынышты жүзімізді құшырлана сүюмен тындық. Шүкір жүдеулеу екен, бойы ұзынша, жүзі сулу көрінді, ал Иманқожаның денесі кесек, шымыр сияқты.

Сонау ес кірер-кірмestен бергі уақыттан соңғы болып отырган мынау аяқ астынан, ойламаган жерден кездесу саті неткен ыстық еді?! Сонымен қатар екініші де жағаласты. Куаныштысы сол - сағынған жүректердің есендікпен қауышуы, екініштің - студенттің кедей түрмисының аяқа оралғы болуы, ішіп-жеу, жайласар орынның кемдігі.

Әңгіме барысынан байқаганым Шүкір менің оқып жатқаныма мәз, мақтан тұтады екен.

Амандасып болып, далага шығып келуге ыңғайланған Шүкірді елгезек Шекір жол көрсетіп, ертіп алып кетті. Сол арада Иманқожа қинала отырып:

- Раҳметжан,- біз елге тез жүруіміз керек. Шүкірдің науқастануына байланысты окуды қоя түруга тұра келді. Жеке өзін жіберуден қорқып, ерітіп келемін. Сырқатының бағытынан қорқамын. Оқуға кірісер-кіріспестен Шүкірге Алматының ауасы жақпай, астан қалып, жиі-жі талықсу, алсіздену кайталана бергеннен кейін дәрігерлер тез астанадан кетіл, елге барып емделуге, күтінуге кеңес берді,-деп мән-жайды үктырды.

Күтпеген жайт тасқындаған талалты тізгіндегендей етті. Маган Шүкірдің көгіне қара үлт үйірлгендей, денеге ине қадалғандай өсер қалдырды. Не дерді білмей аңтарылдым.

- Кеше,-деп Иманқожа әңгімесін ері қарай жалғастырды.- Қандығашқа келген соң Шүкір қояр да қоймай "Мына іргедегі Ақтебеде оқып жатқан Раҳметжанға соқлай кетуге болмайды. Соқпасам, барған соң шешеме не бетіммен қараймын, Раҳметжан естісе де қапаланар",-деп тұрып алды. Енді кідірудің жөні жок. Шүкірдің ауылға барып, тез тыныгыу керек. Ертең ертемен жүрепміз.

Иманқожаның әңгімесі мені мықтап ойга шомдырды. Өзімнен-өзім дағдарыс құшағына ендім. Барымды дастарханға қойып жатқанымда сырттан Шекір мен Шүкір де кірді. Екеуде салуалы, сабырлы, ойлы. Сірә, олар да іштегідей әңгімені айтып, мұндарын шағысқан болулары тиіс. Мен бірден әзілдеген болып:

- Бұл қалай, Шүкір аға? Осы жазушылар "соғыс ұсак ауруларды жойды", - деп жатыр емес пе еді? Омырауындағы ордендер мен медальдардың саны мен салмағы кеселді өздері-ак үркітпейді ме? Олардың денеге дерт енуіне жол беруі қалай? Сенін ауыратыныңа сене алмаймын, - деп жатырмын. Қайтейін, абдырағанда ауызға түскен өзілімнің сықпты сол.

Әдеттегідей саңқылдаған жарқын дауысымен лекіте күліп, Шүкір мені аймалай бауырына басты.

- Орыс жерінің суығы қапысын тауып тиіпті ғой. Өзірге жайсыздық сездіруде. Бірак, айғамын, жаңым, - деп Шүкір менің көнілімді орнықтырып, жұбатқандай еркелеті қысып-қысып қойды. Бауырмал еді-ау, жайдары еді-ау Шүкен. Қайтадан тұла бойына кез тоқтатып қарап едім, ангарғаным - етсіз денесі бой түзеп үзарғанға үқсайды. Пішіні сұлуланып, татар беттеніп кеткен сияқты, жақ еті тегіс, мәндайы жазық, түк өжімсіз... барі жиылып, келісті әдемілік құрап тұргандай. Кезінде ойшылдық бар. Адал бауырмалдық, женіл мақтадай ақ көңілділік айқын сезіліп, өзіне баурай түседі.

Студенттердің наң, шайдан құралған жұтақ дастарханына Шүкір мен Иманқожа Алматыдан алып келе жатқан алма, жүзім терізді жеміс түрлері араласып, кершілес екі бөлменің жетісегіз баласы бастарын косқан отырыс қыза женелді. Майдангер, батыр ағамыз әңгімесіне айырықша кенелтті. Ол Украина, орыс ормандарындағы барлаушылық қызметтерін, бастан кешкен аштықтарын, сұққа, ыстыққа ұрынған сәттерін, керген азаптарын майын тамыза айтып жеткізді.

- Азаптың ең ауырының бірі - аштық, - деді ол ойлы жанарын терезеге қадай отырып. - Қоршауда бірнеше күн бойы талжылмай жатып, қол созым жердегі азықты алып жеуге мүмкіндік болмаған мезгіл аз болмады. Окоптың сзызы, күзгі сұық, аштық жаңымызды жегідей жеді ғой. Қарын ашқандағы сорып, жеген ақ қайыңың қабығының ашқылтый дәмі елі таңдайда тур. Ол да көрек болады екен. Дене жылуының өсерінен окопта қабыршақ мұз пайда болып, кейін шеүіштеніп, еріп зықынды кетіретін. Өлі денені туысымыздай пана еткен кезіміз де үшірасты. Жау ортасында автомотттан оқ жаудырып, өзіңің елі-тірі екеніңді естен шыгарған тұстарды қайтерсің. Бастан бәрі етті ғой, ауырмай қайтейік. Солай арпалысып жүріп, өмірден бір сөт те күдер үзген емесспіз. Келешектің керегіне жарасақ деген ой жадымыздан шықпайтын.

Осы бір отырыс магдан ғұмырлық сабак тастағандай. Шукір ағамыздың емір туралы ерімдері, бірге отыргандарға қарата айтқан есиецтей сездері, үлгі-әнегелері ғажайып орамды еді. Шіркін-ай, қазіргідей үнтастарға түсіріп алатын мүмкіндік болса жазыл алып жастарға, тіпті өзімізге алсін-алсін тыңдатып отырсақ одан артық тәрбие құралы болар ма еді. Сіра?

Мен соңғы кездерде Шүкірмен бірге еткізген кешті, одан бұрынғы балалық дәуренді, бұзауга мініп, суга шомылып, жүн доп лактырысып, шүлдікті үйрген шақтарымызды, оның мектепке барғандағы құрдасқа, досқа, інілеріне деген сергек көнілін еске алуды кебейтіппін. Шыныдыбында, Шүкір Еркінов бірегей тұлға, нағыз батыр. Оны елі, жұрты жыл сайын қайталап айтып келеді. Соган шүкір дейміз үнемі. Шүкір өзінің кіндік қаны тамған Қитар, Сулысор алқабының, Саназар үрпактарының атын шығарды. Елі, жәрі Халел, Беркінғали, Шүкірлерімен даңқты. Лайым, солай бола бергей!

Аруакты, сынықшы абыз, анасы Рахиманың, адал ниецті женгелері "мол жігіт" атап кеткен әкесі Еркін ағаның тұнғышы Шукірдің езі елгенімен аты, рухы елген жок. Келер күндергे сенімді қадам жасал барады. Батыр барлаушы ерлігі, еліне, Отанына сүйіспеншілігі үрпактан-үрпакқа улғі-өнеге, тағылым болып қала береді, жалғаса береді. Соган қуаныштымыз.



Ауылдастары Шукір Еркінов атындағы орта мектептегі батырга арналған мұражайда.

Махут ЭБДІГАЛИЕВ,
Қызылқоға ауданындағы Жап-
гелдин ауылымың тұрғыны.

Майданға шығарып салғанмын

Біз, Шүкір Еркінов екеуміз түйдей құрдас едік. Миялы ауылдық кенесіне қарасты Калинин атындағы колхозда бала күннен бірге өстік. Шүкір орта мектепті Ойылда оқып бітірді. Мектептен кейін колхозда, егіс шаруашылығында жұмыс істеді. Мен сол уақытта колхоздың есеп қызметіне жаңа араласа бастаған мезгілім болатын.

Соғыстың екінші түсынан асканда, сірә, 1942 жылғы тамыз айының 7-8-1 күндерінің бірінде Қобда кентіне әскери комиссариатқа шақырылдық. Ескеретін бір жайт, ол кезде біздің ауылдық көнеш Ойыл ауданына қарайтын. Ал Ойылдың өзінде әскери комиссариат жоқ еді. Сондықтан әскери комиссариат екілдері Қобда ауданынан келетін. Әскери комиссары Шеметов те, оның орынбасары Сарбеков деген болды.

Сол жорықта біздің Калинин атындағы колхоздан үш жігітке шақыру қағазы келді. Олар – Еркінов Шүкір, Даулетиманов Сіләм және мен. Шүкір мен Сіләм тамыз айының алғашқы он күндігінің аяғы шамасында қыруар жігіттермен бірге Ойылдан майданға аттанды. Мен әскери қызмет етуге жарамсыз болып қалдым. Ойылдың аргы жағындағы 30 шақырымдай жердегі Шәңке ауылына дейін Иманқожа Бектенов екеуміз Шүкірді шығарып салып қайттық. Шұбарқұдықта жеті жүзден астам жігіт жиналып, кілең азық тиеген өгіз, түйе арбамен әрі жүріп кеткенін ғана естідім. Содан кейін оны терт жыл бойы көргенім жоқ. Өйткі, тірі екенін, майданда жақсы атақпен жүргенінен хабардармын.

Соғыс аяқталғаннан кейін бір жылдан соң 1946 жылғы мамыр айында Шүкір бір айдай ауылда демалыста болды. Бір жолата елге 1947 жылғы маусым айында оралды. Батыр атанип келді. Мен сол кезде “Кіндіксай” колхозына есепші болып қызмет ауыстырғанмын. Екеуміз сағынысып көрістік. Бірге жүрген күндердің, жолдастықтың, құрдастықтың, ағайын-тұмалықтың белгісі болсын деп ескерткішке маған бір суретін берді. Оны ұзақ жылдар бойы көзіндегі көріп сақтап, қастерлеп

устадым. Сонымен қатар газетке шықкан суретін киып алып қойғанмын. Тіпті суреттің астындағы жазуды да ұмытлас үшін жазып алғанмын.

1947 жылдың күзіне қарай Гурьев қаласына кетті. Өрі қарай Алматыға, заң институтына оқуға аттанғанын, вуырып қайтып келіп, облыстың қаржы белімінде тексеруші-есепші болғанын, 1949 жылы дүниеден озғанын естіп, қатты қайғырдым. Қолдан келетін ештеңе жок. Бар болғаны қалаға барғанда Елшібек бейітіндегі зиратына дуга етіп, еске алып тұрамын. Әлсін-алсін қимас досымның, жан құрдасымның ескерткішке беріп кеткен суретін қарап қоямын.

Шүкір бала күнінен бірге өскендіктен оның жүріс-тұрысы, қылыштары есімде сақталып қалыпты. Ол жолдастарына кең пейілді, инабатты, сенімді, батыл болып есті. Ақ жарқын жүретін. Өтірік айтып, көлгірсуді, тайсалуды, қорқуды білмейтін. Кісі сыйлағыш болды. Тапсырылған істі қалай да орындауға құштарлық білдіретін. Сол себепті мә, оның дос, жолдастары төнірегінде көп жүретін. Өз басым Шүкірді жақсы керуші едім. Қайран ер соғыстағы хикаяларды талай айтЫп, аузыымыздың сүйн құртқан. Қазір соның кебі естен шығып қалыпты. Өкінішті-ақ. Тек Маршал Рокосовскийдің армиясында болдым дегені ғана жадымда. Бұл үлкендікті қойсайшы?! Кезінде берін қағазға түсіріп тастамағаным а опынамын.



Батырдың інісі Орынбасар Еркінов пек кітальты құрастырушы Талеген Жақабайұлы академик-жазушы Зейнолла Қабдолов, оның заңбызы Сөуле, ақын Хамит Ергалиев, Қызылқоға аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Сайфolla Сүйінов, зейнеткерлер Дабыс Қабесов, Кабен Кереев және басқалармен бірге. Көздігара ауылы, 1977 жыл.

Жаниба ҚАЗИХАНҚЫЗЫ,
Қызылқоға ауданының Миялы
селосында тұратын зейнеткер

Қыздай сызылып тұратын

Шіркін, балалық дәурен, жастық шақ саған жетер не бар екен?! Ол кезең тірлікте есінен кетерме, сіра?! Біздің сол бір кимас жылдарымыз қындығы мол дауірмен түспа-түс келді. Сонда да қызығы жетерлік болғанына шубе келтірмеймін.

Жеті жылдық білімді мен Тайсойған қойнауындағы Қамыскөл мектебінде алдым. Сол оқу ордасында Шүкір Еркіновпен 7-сыныпқа дейін бірге оқыдым. Ол бір мәндайы жарқыраған, сұңғақ бойлы бала болды. Оқуына аса тиянақты, зерек, мұғалімдердің аузынан түспейтін сүйікті окушысы еді. Салмақты, қыздай есілетін де тұратын. Женсіз біреуге барып тиіскенін көрген емеспін. Сотқарлар оның ызгарынан ыфатын. Баксақ, бойында батырга тән қасиет бар екен гой.

Отызыншы жылдары мектепте оқыған қызы балалар бір белек шоғыр-шоғыр болып жүретінбіз. Үзілісте де сол қалпыныздан жаңылыса бермейтін едік. Сіра, ол қазақтарға тән ибалықтан, сыпайылықтан болар. Өлде ертеден қалыптасқан дәстүр жалғасы ма, білмеймін. Әйтеуір, әдептілік мықты. Қазіргідей үзіліс болса қызы бар, ұлы бар ығы-жығы сапырылысып, алысып-жұлышып жату ол кезде мүлдем байқалмайтын.

Шүкірдің ерекше айттар бір қасиеті сыйыптың алды болды. Оның алдына шығатын ешкімді өз басым көргенім жок. Барлық жағынан үлгілі, тәртіпті, көргенді өрен еді. Сөз жок, ондай азаматтың қайдан болса да жарқырап көрініп, топты жарып шығары хақ. Тек өкініштің, ғұмыры қысқа болды. Жарық жұлдыздай жарқ етті де ағып түсті. Әттең-ай!



Шәкір САҒЫНОВ,
Қызылқоға ауданындағы Халел
Досмұхамедов атындағы асыл
тұқымды қой зауытының
қызметкері, зейнеткер.

Еңбекқор әuletтің өр ұланы

Мектепте 3-ші сыныпта оқитын шағымда белдесіп күресіп жүргенімде қарсыласым оқыс шот салғанда аяғым қақсады да қалды. Үлкендер сынықшы Рақимага апарып қаратып еді, басын шайқады. Сірә, жайғана ауырып кетпеген, жіліншігімнің едәуір сынығы бар сияқты. Шешеміз айналып-толғанып, сылап-сипап жатыр. Көзімнен жас моншақтайды. Бірақ, сынықшының жанға жағымды жұбату сезі кеңілге демеу береді. Бұл шамамен 1937 жыл-ау деймін. Содан бастап ол үйге жі барып турдым. Балалары Шүкірді, Ескендер мен Орынбасарды жақынырақ таныдым. Ағайын екенбіз.

Рақима шешеміз ақ жарқын, Мырза кісі болатын. Дастанханынан дөм татырмай жібермейтін. Көдімгі аруағы бар сынықшы. Біреудің қиналып, өзіне бағыттап келе жатқанын алдын ала сезіп, таза киімін киіп, ешқайда шықпай күтіп отыратын.

Шүкірлердің әкесі Еркін орта бойлы, төртбақ кісі еді. Құдық қазудың болмаған шебері екенін көріп білдік. Бір жерге кешіп келіп, үйді тігіп болғанша шыңырау құдықты қазып тастайтын. Терен Құдықтан топыракты зымырата лақтырганда көз ілеспейтін. Осы әuletтің еңбекқорлығына жүрт қызығатын, взгеге үлгі ретінде айтып жүретін. Балаларын да солай тәрбиелей білді. Кейін Шүкірдің майданнан батыр болып оралғанын естігенде таңданған ешкім жоқ. Солай болуы тиіс деп үкты. Тәрбиелі, еңбекқор әuletтен сондай батыр ұлан шығуы зандалылық. Одан соңғы балалары да ерістері кең, зиялы азаматтар болып ести. Орынбасар ел басқаруда танылса, Ескендер жер койнауын зерттеуші маман болды.

Шүкірмен жасы үлкендеу болғандықтан сырласып, қоян-қолтық араласқаным жоқ. Онымен Қабдол Нұрмашев, Рақметжан Бақтияров, Үмбет Сәлменовтер көбірек бірге жүрді. Ал, еке-шешесінің қамқорлығын тым-твуір көрдім.

Қалима БИСАЛИЕВА,
Атырау қаласында тұратын
93 жастагы аже

Сұлуға ғашық болды сылаң қаққан

Біздің ауылдарымыз қазір Ойыл ауылдық кеңесінің ізінде бір болғанымен өуелде белек-белек шағын колхоздар еді. №15 ауыл 1944 жылға дейін Орал облысының Тайпақ ауданына қарады да, Шүкірдің ауылы Ақтөбе облысының Ойыл ауданына бағынышты болды. Сонда да біздер аралас—құраластықтан арылған жоқпыз. Менің өзім шerkештің қызымын. Бір қызығы, жалғыз балам Уашев Куаныштың әйелі Ақиіс те, оның ұлы Оралбайдың үйіндегі келін балам Қалампұр да шerkeshтің қыздары. Кезінде шerkeshтің серкесі Еркіннің Шүкірін жақсы білдім. Оның ауылға келгені, қыдырганы - бері көз алдында. Керемет сыпайы жігіт болды. Қазір ойлап қарасам, сол кезде әлі жиырма беске де толмаған екен-ау.

- Батыр жігіт келіпті, - деп ауылдың қызыл орамал тартқандары оған қатты қызықты. Бірак, Шүкір кез-келген шүйкебасқа көз сала берген жоқ. Таңдауы Мыңкелдідегі Оңай деген қызға түсті. Ауылына жиі барғыштап жүрді. Сымбатты, бұраң бел, мөлдір шашты, сылаң қаққан сұлу бойжеткен болатын. Өзін ұнатқан азаматқа кет өрі демеді. Ол да Жауғашты Шerkeshтің қызы еді. "Шешесі Қансулу да құптағандай сыңай танытыпты, Оңай түрмиска шығуға келіспіті" десетін.

Өмір көбіне ойлаганыңдай бола бермейді гой. Құдайдың маңдайға жазғаны бар. Тағдыр, Шүкір мен Оңайдың да бастарын қоспады.

Сонғы рет Сәлімгерей деген өрі дос, өрі рулас серігімен бірге Шүкір Оңайдың ауылы Мыңкелді де екі күндей болғанын білемін. Қыздың әкесі Шүкірдің оқуға кететінін біліп, баласын елден алысқа үзатқысы келмей қарсы болыпты дегенді естідік. Сол кеткеннен батыр елге оралған жоқ. Мүмкін Оңайға деген сагынышы тарамай бул фениден өткен болар. Кім біліпті?! Ал қыздың сарсыла хабар күткені анық. Оны көзіміз керді.

**Орынбасар ЕРКІНОВ,
батырдың туған інісі,
дербес зейнеткер**

Еркелете өсірген, қайран ағам!

Бәрі өлі есімде. 1942 жылдың шіліңгір жазы болатын. Жамансай өнірінде тары егістігінде киіз үйде тұратынбыз. Ойыл орта мектебіндегі окуын аяқтап, бір топ жолдастарымен бірге Шүкір ағам келді. Біз мере-сөре болып қуанысып қалғанбыз. Бірак ол көп үзамай майданға аттанатынын айтып шалт көnlімізді су сепкендей басты.

Талайларды аждаһадай жалмап жатқан қу соғыстың хабары жаңымызға түрлідей тиіп жүргендегі ағамның аттанар сөті де жетті. Кекем Еркін, анам Рақима, ағай және мен үш атпен Миялы ауылдық қеңессінің қеңессіне баруға аттандық. Жолшыбай біраз өнгіменің басы қайрылды. Кенет анам:

- Орынбасар былтырғы айтып жүретін термен "Балам, баламды" айтшы, - деп қолқа тастады. Ондайда менде қайт жоқ болатын. Анам мені өлең - жырларды, термелерді айтқызуға өбден тәселтін тастаған. Ағайдың алдында отырған мен сайрап қоя бергенім бар:

Балам, балам, жаңым балам,
Құлағынды сал, сейлейді анаң.
Сені өсіріп, бебегім деп,
Аппақ сүтін емізді анаң.
Азamat бол атқа міндің,
Аманатқа келер шаман.
Жүзің гүлдей, тұлғаң қундей
Күлкің оттай жалындаған.
Ақ алмастай айбаттысың,
Қайтып бетің шағылмаган.
Жел жықлаған емендейсің,
Ешбір күшке бағынбаған.
Асқар таудың шыңындаисың,
Бұлтты бөгеп кері айдаған.
Найзагайдың оғындаисың,
Дәл кездесе жаңылмаган.
Саған сүт бол қуат берген
Білсең анаң мына мемнін.
Елің үшін жан қыйнауга,
Арнап сені емізгенмін.

Құндағыңда күшке бөлеп,
Батыр болады дегізгемін,
Есейгенде беліп беріп,
Сыбагаңды жегізгемін...

Мен тәкпелете айтып, үдете түстім. Ағай үнсів. Әке-шешеміз де біртүрлі қонырқай. Ол кезде көп сөздің парқына жете бермейді екенбіз гой, кейін ойласам осы бір термеде майданға аттанып бара жатқан баласына деген ана аманаты жатыр екен. Оны мен арқылы құлағына құйып келеді екен-ау, шіркін-ай!

Ағай мені еркелете есірген еді. Ойыл езенінің суында иегімнен сүйеп жүзу үрететін. Арқасына мінгізіп алып қулаштай жүзетін. Сонда сықылық қағып, мез болатынмын. Шүкір ағам барған жерінен түрлі кітаптар өкеліп беріп, оқуымды талап ететін. Бар тілегі - інілері мен қарындасына білім беру болғаны аны.

Майданнан жазған үшкіл хаттарында да анама "Балаларды қалай да оқыт" деп қайталай беретін.

Әкем Еркін соғыс кезінде Новосибирск жақта жұмысшылар батальонында болды. 1945 жылғы желтоқсаның 12-сінде 49 жасында ауырып қайтыс болды. Сонда туыскандар бейтінде жерленді. Әкеміз Шүкір ағамның елге батыр болып оралғанын, біздің азамат болып есkenімізді көре алмады. Бірак, әке-ана аманаты, аға талабы орындалды.

Соғыстан кейін ағай мені қаладағы мектеп-интернатқа өкеліп орналастырып:

- Басың алмай қалмаса, оқытамын, - дегені ойымда қалды. Әттең-ай, мен 9-шы класта оқып жүргенде ұзақ науқастан кейін дүние салды.

Әмір бойы әкеміз бен анамыздың арманы, аға талабы жаһымда жүріп, жебеп, дем беріп отырды. Егер халық қатарлы қызмет істеп, елге таныла білген болсам сол асылдарымның рухтарының қолдаулары деп білемін.

Мен қазақтың дүлдүл ақыны Тұманбай Молдалиевпен таныс, біліс болған адаммын. Сол сез сүлейі "Бауырды сағыну" деген елеңінде:


Алыста аяулы қалды ауылым,
Аңсаумен күтеді ол да улын.
Қалдым-ау қапылыста қоштаса алмай,
Мен сені сағындым жан бауырим.

Бір жүрген күндерді ұмыта алмай,
Бір жола өшті гой үміт-арман.
Елеңдеп журемін ертелі-кеш,
Кездесіп қалардай өзің алдан.

Бауырым, жүрегім күйіп тұрған,
Анам да айырылды сүйікті үлдан.
Мен едім соңынан ере шықкан,
Сен едің арман жан киік құған.

Жете алмай жыгылдың күігіңе,
Шыға алмай аңсаған биігіңе.
Түсінер бар ма адам дүниеде,
Кеудемде қалған бұл күйігіме... - депті.

Құдды менің жан-дүниемді, көңіл толғанысымды жазғандай.
Оқыған сайын өзім шығарғандай күй кешемін, толғаныс
құшагында қаламын. Сондықтан осы өлеңмен сезімді
аяқтағанды жөн көріп отырымын. Оны менің тебіренісім деп
үғуларыңды өтінемін.



Кызылқоға ауданының Жасқайрат ауылындағы Шүкір Еркінов атындағы орта мектептің сиртқы көрінісі.

Айтар алғыс мол бізде ақтарыла (Түйін орнына)

Міне, көптен армандаған кітап аяқталып, колдарыңызға тиіп отыр. Сонда осы кітапты шығаруға себепші болған не, ол қайдан бастау алды, қандай күш итермеледі деген занды сурақ тууы мүмкін. Өрине, мұның барі ең өуелден туган жерге деген сүйіспеншіліктен, алған тәрбиеден, өнегелі адамдардың үйреткендерінен, түсінік-түйсіктен, құлаққа сіңген сөздерден бастау алған десем, солар ілгері жетелеп, итермелеген десем қатесі болмас, сіре! Бала күннен жадымда жатталған:

Сейле де сейле қызыл тіл,
Көңілге күй салғанда.
Алды-артыңды орай шап,
Топтан орын алғандай.
Айды аймала, күнді сүй,
Күн еркесі сұнқардай,
Шат көнілді елінде,
Бақыт тиіп жерінде,
Заула болат түлпардай.
Қыздыр өмір майданын,
Жайнай берсін таң солай.
Аңқыт жырдың тиегін,
Жүргегінде достардың,

Менгі жылдар қалғандай, - деген жыр жолдарының ағай туралы кітап біткендегі сезіміммен сыйкес келгенін қараңыз!

Ұзақ жылдар бойы қолымызда сақталған, қаламгерлер жазған, ғалымдар тұжырымын айтқан дүниелер, жәдігерлер жинақталып, кітап болып жариялануы мені, ағайын-тугандарды шексіз қуанышқа бөлеп отыр. Бұл еңбектің ілкі тұрткішісі болған марқұм, журналист Қожахмет Ізімбергенов еді. Олай дейтінім, алғаш рет оннан-мұннан жәдігерлер, құжаттар іздестіріп, қолға түскендерін 1973 жылғы наурыздың 21-індегі "Коммунистік еңбек" (қазіргі "Атырау") газетінде жазып, жарыққа шығарған осы қаламгер. Одан кейін ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Үркінбай Қыдыралин, журналист-өдебиетші Төлеген Жаңабайұлы, белгілі жазушы Сәтімжан Санбаев, Шүкір ағамыздың өкшелес туган інісі Ескендері Еркінов, туыс-ағайындар Рахметжан Бақтияров, Махут Әбдіғалиев, мектепте бірге оқыған Жаниба Қазиханқызы және басқалар өз зерттеулерін, естеліктерін

ортага салды. Ақындар Аманқос Ершұов пен **Бақытжан Қапашев** арнау өлеңдерін жазды. Осы абзал жандардың беріне шексіз раҳметімді айтамын. Түтеп келгенде, берін жинастырып, құрастырып, көп еңбек сінірген қаламгер, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты **Төлеген Жаңабайұлына** айтар алғысым мол.

Әрине, қазіргідей дәүірде кітаптың шығуына мұрындық болған, демеушілік жасаған, қолдау көрсеткен облыс әкімі **Иманғали Нұргалиұлы Тасмағамбетов**, облыстық қаржы басқармасының төрайымы **Айман Нұрқасымқызы Әбдіқадырова**, облыстық мәдениет басқармасының бастығы **Бақыт Сайынұлы Иманғалиев**, облыстық ақпарат және қоғамдық көлісім басқармасының бастығы **Болат Сандыбайұлы Қожиев** мырзаларға, **Қызылқоға ауданы** әкімі аппаратына, **Шүкір Еркінов** атындағы мектеп үжымына ағалық алғысымды білдіремін. Құдай дегендеріңізді берсін, алдарыңыздан ақ күн тусын!

Әзулет атынан -

Орынбасар ЕРКІНОВ.



Батырдың жерлестері

Тұсініктер

"Ата тегі, Ана тегі"-Інілері мен туыстарының айтулары негізінде құрастырып, Шүкір Еркінов туралы шығарылған шагын бүктеме деректер жиынтығына (буклетке) енгізген елкетанушы Қуанғали Жұмалиев.

Ш.Еркіновтың 1947 жылғы маусымның 13-інде өз қолымен жазылған өмірбаяны және кадрларды есепке алушын жеке іс парагы- Облыстық мұрағаттың 828 іс, 483 қор, 1 тізбесінен алынды. Оларды табуға құрастыруышының өтінішіне орай тарихшы-елкетанушы Аманғали Әміржанұлы қол үшін берді.

"Ержүрек барлаушы"-Батыр туралы соғыстан кейінгі жылдарда жазылған тұнғыш зерттеу еңбек. Атырау облыстық "Коммунистік еңбек" газетінің 1973 жылғы наурыздың 21-індегі санында жарияланды. Шүкірдің әкесі дүрысында Еркін, ал Таңатар атасы. Бірақ құжатында Шүкір Таңатарұлы Еркінов болып жазылған. Осы үрдіс кейінгі балаларға күелік алғанда да жалғасқан. Мақалада және будан кейінгі материалдарда да Шүкірдің аты-жөні осылай жазыла береді.

"Даңқты үл"- Галымның кітапты шығаруға дайындал жатқанда жазған өтінішімен қоса жарияланып отыр. Мақала облыстық "Коммунистік еңбек" газетінің 1985 жылғы қаңтардың 23-індегі нөмірінде жарық көрген.

"Дорогами ветров"- 1974 жылы "Қазақстан" баспасынан шықкан П.Белан, А.Потапов пен С.Честновтың "Доблесть солдатская" атты кітабынан алынды. Очерк авторлардың қайсысынікі екені айырылып көрсетілмегендіктен ушеуінің аттары қатар жазылды. Ескеретін бір жайт, очерктиң басында Ш.Еркіновтың туған мекені оның майданға аттанған кезіндегі жер белінісіне орай Ақтебе облысы Ойыл ауданы деп көрсетілген. Дүрысы-Атырау облысының Қызылқоға ауданы. Дөлірек айтсақ, ол мекен 1944 жылдан кейін қайтадан Гурьев облысына қосылған.

"Потомок степных батыров"- Белгілі жазушының бүл очеркі Атырау облыстық "Прикаспийская коммуна" газетінің 1999 жылғы мамырдың 8-індегі санында басылды.

"Жүрек жұтқан"- Деректі хикаяттан үзінділер. Ол "Атырау" газетінің "Атамекен" қосымшасында (1999 жылғы қыркүйек), облыстық "Прокуратура жаршысы" газетінде (1999 жылғы мамырдың 8-і) жарияланған және тұнғыш баспа бетін көріп отырған белігі де бар.

“Отан-Ана, сен үшін отқа түсем” (Шүкірдің монологі) - 2000 жылғы мамыр айында жазылған, баспа бетінде туңғыш жариялануы. Оның тәлеесі Жылдың ауданының Аққиізтогай кентінде ұстаз болып Қызымет істейді. Кептеген кітаптары шыққан атақты ақын.

“Ер Шүкір”- Ақын ез толғауын алғаш рет 1994 жылғы қыркүйектің 24-інде батырдың 70 жылдық мерейтойында оқыды. Аудандық “Қызылқоға” газетінде жарияланды. Толғау Ш.Еркінов атындағы орта мектептің мұражайынан алынды. Б.Қапашевтің қазіргі тұратын мекені-Жылдың ауданының Құлсары кенті.

“Аруақ пен ақиқат”- Батырдың туған інісі Ескендір Таңатарұлы Еркінов жазған дастан. Автордың және ағайын-туғандарының өтініштері бойынша ол ешқандай өзгеріссіз жарияланып отыр. Шүкірдің Рабига атты қарындасы бала кезінде қайтыс болған.

“Ардақтауға лайық арыс”- Батырдың туған жері-Қызылқоға ауданындағы Ойыл ауылдық кеңесінің мәдениет үйінде 1994 жылғы қыркүйектің 24-інде өткен Ш.Еркіновтың туғанына 70 жыл толуы мерейтойына арналған салтанатты жында жасалған баяндама. Құрастыруыш өзінің бұқаралық акпарат құралдарында жарияланған өзге зерттеу еңбектерін (деректі хикаяттан үзінділерден басқасын) қанша дегенмен, қайталau болатындықтан кітапқа енгізген жок.

“Батыр барлаушиның мерейтойы”- Облыстық “Атырау” газетінің 1994 жылғы қыркүйектің 29-ындағы санында жарияланған.

“Ер есімі-ел есінде”- Ақтебе облысының Ойыл ауданындағы “Саралжын” кеңшарынан жолданып, Атырау облыстық “Коммунистік еңбек” газетінің 1977 жылғы қаңтардың 11-індегі санында жарық көрген. Мұндағы Комсомол мектебі деген қате. Дұрысы - Қамыскөл мектебі.

“Мәңгі жасар жиырма бес”- 1995 жылғы сәуірде облыстық радио арқылы берілген “Қайтпас қайсар ер еді” деген хабардагы Қ.Жұмалиевтің сөйлеген сезінің толық мәтіні. Автор 1998 жылғы ақпанның 23-інде кенеттен о дүниелік болды.

“Бітімі болек тұлға еді”- Естелік жазушы қазір Атырау қаласының іргесіндегі Тәңдік ауылында тұрады. Қазақстан Республикасының халық ағарту ісінің үздігі, үзақ жылдар бойы мектеп басқарған ұстаз. Негізінде Шүкірдің жақын туысы, жерлесі.

"Майданға шығарып салғанмын"- М.Әбдігалиев кітап кейіпкерімен бірге ескен, мектепте де қатар оқыған, соғыстан кейін де кезін көріп, сырласқан кісі.

"Қыздай сзызылып тұратын"- Естелік иесі Жениба Қазиханқызы Ізбасар келіні Шукірмен бірге оқыған. Бұл күнде Қызылқоға ауданының Миялы кентінің тұрғыны.

"Еңбеккор өuletтің өр ұланы"- Ш.Сагынов барлауышы ердің рулас ағайыны. Жиырма жылдай батырдың туған жері-Халел Досмұхамедұлы атындағы асыл тұқымды қой зауытында (бұрынғы "Қызыл ту" көңшары) трактор бригадасының бригадирі болды.

"Еркелете есірген, қайран ағам"- Орынбасар Таңатарұлы батырдың бірге туған кіші інісі. Балықшы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, облыстық атқару комитеті тегерасының орынбасары, облыстық халықтық бақылау комитетінің тегерасы және басқа да ірі қызметтерде істеді. Сонымен қатар, ол өншілігімен, серлігімен ойлілі азамат. Ағасы Шукірден қалған жәдігерлерді жинақтап, реттеуге үлкен өңбек сінірді.



М а з м ұ н ы

К.Шаушенұлы. Ұмытпау - парзыымыз (Алғысөз орнына).....	5
Құрастыруши. Өшпес із (Оқырмандарға арнау).....	7
Ата тегі. Ана тегі.....	9

Бүйректен Берлинге дейін

(Зерттеу мақалалар, очерктер, хикаялдан үзінділер)

К.Ізімбергенов. Ержүрек барлаушы.....	13
У.Қыдыралин. Даңқты үл.....	15
П.Белан, А.Потапов, С.Честнов. Дорогами ветров.....	20
С.Санбаев. Потомок степных батыров.....	23
Т.Жаңабайұлы. Жүрек жұтқан.....	31

Қайтпас қайсар қаһарман

(Арнау өлеңдер, дастан)

А.Ершов. Отан-Ана, сен үшін отқа түсем (Шүкірдің монологі).....	46
Б.Қапашев. Ер Шүкір.....	48
Е.Еркінов. Аруақ пен ақырат.....	50

Хас батыр үрпагы бардық арманы жоқ

(Есте қалдыру шарапалары)

Мектеп атын беру туралы Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің қаулысы... 69
Волейболдан Ш.Еркінов атындағы жүлде үшін жарыс туралы..... 70
Т.Жаңабайұлы. Ардақтауга лайық арыс..... 72
Т.Ойылұлы. Батыр барлаушының мерейтойы..... 80
А.Досқалиев. Ер есімі-ел есінде..... 81
Қ.Жұмалиев. Мәңгі жасар жырмада бес..... 84
Мәңгі есте сақтау үшін..... 88

Халқыма қорған болсам деп...

(Естеліктер)

Р.Бақтияров. Бітімі бөлек тұлға еді.....	91
М.Әбдігалиев. Майданга шығарып салғанмын.....	100
Ж.Қазиханқызы. Қыздай сызылып тұратын.....	102
Ш.Сағынов. Еңбеккор вуллеттің өр ұланы.....	103
Қ.Бисалиева. Сұлуға ғашық болды сылаң қакқан.....	104
О.Еркінов. Еркелете есірген, қайран ағам!	105
О.Еркінов. Айттар алғыс мол бізде актарыла (Түйін орнына)	108
Түсініктер.....	110



ШҮКІР БАТЫР

Құрастыруышы, оқырмандарға арнау мен түсініктерді
жазған Төлеген Жаңабайұлы

Көркемдеуші редактор Гүлбала Сарипова

Корректоры Клара Жексенбаева

Беттеген Гүлсім Сүйінгариева

Тергендер Сауле Қайырханова, Абат Ақбалашұлы

Суретшісі Нұржан Матаев

Теруге берілген күн 12.06.2000 ж.

Басута қол қойылған күн 11.08.2000 ж.

Барлығы 15 шартты баспа табақ.

Әріп түрі Pragmatica, Academy, Granit Kazakh, Inter Times Kazakh

Пішімі А5

Таралымы 1000 дана

Тапсырыс №2362

"Ақ Жайық" жауапкершілік шектеулі серіктестігінің баспаханасы
465050, Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, 21